



UNITED NATIONS
KAZAKHSTAN



БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ



ҚАЗАҚСТАН

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2022



UNITED NATIONS
KAZAKHSTAN

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ

ҚАЗАҚСТАН

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2022



МАЗМҰНЫ

| | |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| ТҰРАҚТЫ ҮЙЛЕСТІРУШІНІҢ КІРІСПЕ СӨЗІ | 6 |
| ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҰ ЕЛДІК ТОБЫ | 8 |
| ТАРАУ 1. ЕЛДІК ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК КОНТЕКСТЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР | 10 |
| ТАРАУ 2. ЕЛДЕГІ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ СЕРІКТЕСТЕР | 12 |
| ТАРАУ 3. 2022 ЖЫЛЫ ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚТАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА БҰҰ-НЫҢ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚОЛДАУЫ | 14 |
| 3.1 Шолу: Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын іске асыру | 15 |
| 3.2 БҰҰ жүйесінің 2022 жылғы нәтижелері | 24 |
| 3.3 «Ешкімді артта қалдырмау» қағидасын қамтамасыз етудегі прогресс | 48 |
| 3.4 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібі бойынша әріптестік және қызметті қаржыландыру | 50 |
| 3.5 БҰҰ-ның неғұрлым ауқымды және тиімді бірлескен жұмысының нәтижелері | 52 |
| 3.6 Қаржылық шолу және ресурстарды жұмылдыру | 56 |
| ТАРАУ 4. 2023 ЖЫЛ БОЙЫНША БҰҰ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН БАСЫМДЫҚТАРЫ | 58 |
| ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАР ТІЗІМІ | 60 |



ТҰРАҚТЫ ҮЙЛЕСТІРУШІНІҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

Қазақстан Республикасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Елдік тобы атынан сіздерді Біріккен Ұлттар Ұйымының елдегі 2022 жылғы қызметінің нәтижелері туралы осы есебімен танысуға шақырамын. Есепте 2022 жылы БҰҰ-ның көптеген әріптестерімен бірге Қазақстанға оның ұлттық басымдықтары мен 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Тұрақты даму саласындағы күн тәртібінде қойылған және БҰҰ-ның 2021-2025 жылдарға арналған тұрақты даму саласындағы ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасында (ТДЫНБ) тәжірибелік деңгейде көрініс тапқан мақсаттарына қол жеткізген жетістіктер талданады. Одан әрі онда дамудың негізгі үрдістері, өзекті мәселелер және олардың ТДМ саласындағы ұлттық басымдықтарға әсері талқыланады және БҰҰ-ның 2023 жылға арналған басымдықтары мен мақсаттарына шолу жасалады.

2022 жылы Қазақстанның БҰҰ-ға мүше болғанына 30 жыл толды. Биылғы жыл да оңай болған жоқ. COVID-19 пандемиясынан айығып, Украинадағы соғыстың әсерін сезінген елді 238 адамның өмірін қиған 2022 жылғы қаңтардағы тәртіпсіздіктер дүр сілкіндірді. Үкімет мемлекеттік басқару саласындағы терең реформалар мен қоғамдық шартты нығайтуға, мемлекеттің тиімділігін арттыруға және адамдардың құқықтарын қорғауға бағытталған конституциялық өзгерістерге бастамашы болды. Бұл «халық үніне құлақ асатын мемлекет» моделін енгізуге ықпал етті, экономиканы әртараптандыруды жеделдетті және инклюзивті қызмет көрсетуді күшейтуге ықпал етті. Сонымен қатар реформалар БҰҰ мен Үкіметтің ынтымақтастығы үшін жаңа мүмкіндіктер ашты және ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын ұлттық басымдықтар мен жоспарлармен одан әрі үйлестіруге ықпал етті.

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын іске асырудың екінші жылында неғұрлым терең бірлескен ақпараттық жұмыс, ұлттық басымдықтарға көбірек сәйкестік және адам құқықтарына негізделген тәсілді күшейту және нақты деректерге негізделген ұсыныстарды әзірлеу байқалды. Біз Әлеуметтік кодексті әзірлеу, 2023-2027 жылдарға арналған Жастар саясаты тұжырымдамасы және Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы заң сияқты маңызды бастамаларды қолдадық. Сонымен қатар БҰҰ Алматыдағы ТДМ Саммиті, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезі сияқты ТДМ және өңірлік ынтымақтастыққа арналған бірқатар платформаларды ұйымдастырды және қатысты, сондай-ақ БҰҰ Бас хатшысының орынбасары мен БҰҰ Бас Ассамблея Төрағасының Қазақстанға сапарларын ұйымдастырды.

БҰҰ мен Үкімет арасындағы әріптестік нығаюды жалғастыруда және қызмет үшін жаңа серпін алған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі жанындағы ТДМ Үйлестіру кеңесінің жұмысында көрінеді. 2022 жылы Қазақстан Нью-Йорктегі жоғары деңгейдегі форумда өзінің Ерікті ұлттық шолуын (ЕҰШ) ұсынды. 2023 жылы біз үкімет, азаматтық қоғам, ғылыми орта және жеке сектормен ынтымақтастығымызды одан әрі нығайтуға үміттенеміз!



Микаэла Фриберг-Стори
Қазақстандағы БҰҰ Тұрақты үйлестірушісі
2023 жыл, наурыз

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҰ ЕЛДІК ТОБЫ

БҰҰ Қазақстандағы қызметін 1993 жылдың басында елдің 1992 жылы наурызда БҰҰ-ға толыққанды мүше болып енгеннен кейін бастады. БҰҰ Елдік тобы Қазақстанда БҰҰ-ның 27 құрылымымен ұсынылған, оны БҰҰ Бас хатшысының уәкілетті өкілі болып табылатын БҰҰ-ның Тұрақты үйлестірушісі басқарады.

Елдік және өңірлік қызметті жеңілдету үшін БҰҰ Қазақстанның екі қаласында орналасқан: Астана және Алматыда.

Қазақстандағы БҰҰ құрамына
20 резидент ұйым:



және 7 резидент емес ұйым кіреді:





ТАРАУ 1. ЕЛДІК ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК КОНТЕКСТЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



Қазақстан табысы орташа деңгейден жоғары, халық саны 19,7 млн. адам болатын және теңізге шығу жолы жоқ әлемдегі ең ірі мемлекет болып табылады¹. 2021 жылы Адам дамуының индексі (АДИ) 0,811 (өте жоғары) болды, нәтижесінде Қазақстан 191 ел мен аумақтың ішінде 56-шы орынға ие болды². 2022 жылы Қазақстан даму саласындағы жаңа үрдістерге және жаңа проблемаларға тап болды. Қаңтар айында елде бұрын-соңды болмаған наразылықтар болды, бұл сұйытылған газдың бағасын мемлекеттік реттеудің күшін жоюдан туындады, нәтижесінде оның бағасы бір түнде екі есеге өсті. Кейінгі тәртіпсіздіктерде 238 адам қаза тапты. Дағдарысқа саяси реакция конституциялық реформаларға, соның ішінде атқарушы биліктің саяси партиялардан бөлінуіне, бір рет жеті жылдық президенттік мерзімнің енгізілуіне, жаңа Конституциялық сотқа және өлім жазасының күшін жоюға алып келді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мандаты 2022 жылғы 20 қарашада өткен кезектен тыс сайлауда ұзартылды. 2022 жылы Қазақстанда үш жаңа облыс құрылды: Абай, Жетісу және Ұлытау.

2022 жылғы қаңтардағы толқулар әлеуметтік қорғау жүйесіне өзгерістер енгізу және әртүрлі әлеуметтік топтардың дамуы мен олардың осалдығын азайту үшін тәуекелдерді жою қажеттілігін күшейтті. Балалар мен жастар ел халқының 50% құрайды³ және кедейлер арасында басым. БҰҰ мен Дүниежүзілік банктің жақында жүргізген зерттеуіне сәйкес, Қазақстандағы ересектердің 19% және балалардың 22% өздерін кедейлер қатарына жатқызады⁴. 2022 жылы Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық гендерлік алшақтық индексіне 15 орынға көтерілді⁵. Дегенмен, табыстардағы гендерлік алшақтық сақталды: әйелдер еркектерге қарағанда 21,7% аз табыс тапты (2021 жылы 25%)⁷. 2020 жылы Қазақстан Жастарды дамытудың жаһандық индексіне 70-ші орынға ие болды (181-ден)⁸. Бұл ретте жастар біліктілігі төмен/тәуекелі жоғары/жалақысы төмен жұмыстарда жұмыс істейтін болады және жұмыспен қамтуда гендерлік алшақтық сақталуда⁹. АИТВ-мен

өмір сүретін адамдарға қатысты стигма мен кемсітушілік әлі де жастардың АИТВ алдын алу туралы білімге қол жеткізуіне кедергі болып табылады¹⁰.

2022 жылы Украинадағы соғыс COVID-19 пандемиясынан кейінгі проблемалармен бірге инфляцияның екі онжылдықтағы ең жоғары деңгейі — 20,3% дейін өсуіне әкелді, бұл кедей үй шаруашылықтарына пропорционалды емес әсер етті, өйткені азық-түлік бағасы айтарлықтай өсті. Алайда Үкіметтің үйлестірілген әлеуметтік-экономикалық шаралары осал топтар үшін ең ауыр зардаптардың орнын толтырды. Соғыстың теріс әсеріне қарамастан, экономика 2022 жылы¹¹ мұнай мен газдың әлемдік бағасының күрт өсуіне байланысты 3,2%-ға өсіп, шамамен 220,5 млрд. долларға жетті. Ең жоғары өсім құрылыс (9,4%), ауыл шаруашылығы (9,1%) және АКТ (8,0%) секторларында тіркелді. Қазақстан экспортты 39,9%-ға ұлғайтты, бұл 84,4 млрд. долларға тең. Дегенмен күшті карбонизация дамудың негізгі мәселесі болып қала береді. Қазақстан әлемдегі ең ірі көміртегі шығарындыларының ішінде 20-шы орында, мұнда көміртегі шығарындыларының 80% энергетика секторына тиесілі¹². Дүниежүзілік банктің 2021 жылғы бағалауы бойынша, егер шығарындылар апат қаупін азайтудың басқа шараларымен қатар айтарлықтай азайтылмаса, ел жер сілкінісі, су тасқыны, құрғақшылық, қар көшкіні және көшкін сияқты табиғи апаттарға көбірек ұшырайды¹³.



АДИ: 0.811



ЖІӨ: \$220.5 млрд



ТАРАУ 2. ЕЛДЕГІ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ СЕРІКТЕСТЕР



QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY SYRTQY ISTER MINISTRILIGI

MINISTRY OF FOREIGN AFFAIRS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

МИНИСТЕРСТВО ИНОСТРАННЫХ ДЕЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Мүдделі тараптардың кең ауқымының белсенді және мәнді қатысуы 2030 жылға дейінгі күн тәртібін іске асыру үшін өте маңызды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстанды қолдауы біздің құнды серіктестеріміздің арқасында мүмкін болды. Оларға ұлттық, өңірлік және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік мекемелер, азаматтық қоғам ұйымдары (АҚҰ), жеке сектор компаниялары, екіжақты және көпжақты донорлар, сондай-ақ ғылыми үйірмелер мен халықаралық қаржы мекемелері (ХҚМ) жатады.

Қазақстан Үкіметі БҰҰ-ның негізгі серіктесі болып табылады. ТДМ-ға қол жеткізу үшін ұлттық жауапкершілік пен үкімет тарапынан көшбасшылық қажет. Үкімет пен БҰҰ арасындағы тығыз ынтымақтастық БҰҰ-ның үкіметті қолдауында ғана емес, сонымен қатар БҰҰ-ның Қазақстандағы бағдарламаларын әзірлеу мен іске асырудың негізгі қаржылық тетігі ретінде Қазақстанның БҰҰ-ны қолдауында да көрінеді. 2022 жылы Үкімет 5 ведомствоаралық жұмыс тобы («5Р» ТДМ сәйкес¹⁴) және ТДМ жетістіктерін мониторингілеу жөніндегі комитет үйлестіретін ТДМ ұлттық архитектурасын нығайта отырып, Премьер-Министр жанындағы ТДМ бойынша қайта ұйымдастырылған Үйлестіру кеңесімен ТДМ-ге бейілділігін растады.

Азаматтық қоғам ұйымдары (АҚҰ) БҰҰ-ның жақын серіктесі болып қала береді, бұл ретте барлық бағдарламалық қолдаудың кемінде бестен бір бөлігі АҚҰ-мен әріптестікте көрсетіледі. БҰҰ АҚҰ-мен бірнеше тәсілдермен, соның ішінде саяси диалог, ақпараттық қызмет және қызмет көрсетумен өзара іс-қимыл жасайды. АҚҰ БҰҰ-ның ең осал топтарды қамту және туындаған мәселелерге, соның ішінде COVID-19 жауап беру миссиясында маңызды рөл атқарады. 2022 жылы БҰҰ ұлттық жоспарларда «ешкімді артта қалдырмау» (LNOB) қағидатын неғұрлым белсенді іске асыру үшін үкімет пен азаматтық қоғам арасындағы диалогты нығайтуды жалғастырды.

Жеке сектор қазір бұрынғыдан да маңызды, өйткені әлем COVID-19 кейін қайта жаңғыру барысында. 2022 жылы жеке сектор

компаниялары БҰҰ үшін сенім артуға болатын құнды серіктестер болуын жалғастырды. Бұл Жаһандық шартқа қосылған бірнеше компанияларды қолдау арқылы бизнестің тұрақтылығын арттыру сияқты бірнеше жаңа бастамаларға мүмкіндік берді. БҰҰ Қазақстанда ТДМ және ESG ілгерілетуге белсенді қатысатын 40 компаниядан тұратын Ұлттық ESG-клубпен (ESG — экология, әлеуметтік саясат және корпоративтік басқару) ынтымақтастықты одан әрі жандандырды.

Қаржылық серіктестердің, соның ішінде екіжақты және көпжақты донорлардың, сондай-ақ әртүрлі жаһандық қорлардың жарналары БҰҰ-ның елдегі қызметін жүзеге асыру үшін қажет және 2022 жылы БҰҰ олардың жомарт қолдауын пайдалануды жалғастырды.

2022 жылы Қазақстандағы БҰҰ жүйесіне үш ірі сыртқы қаржылық серіктестер, АҚШ \$



\$ 7.5 млн




\$ 6.1 млн



\$ 4.2 млн



ТАРАУ 3. 2022 ЖЫЛЫ ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚТАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА БҰҰ-НЫҢ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚОЛДАУЫ



3.1 Шолу: Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын іске асыру

2020 жылғы 12 тамызда қол қойылған «2021–2025 жылдарға арналған Тұрақты даму бойынша ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы» (бұдан әрі — Негіздемелік бағдарлама, ТДЫНБ) БҰҰ мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың стратегиялық түйінді қағидаттары мен басымдықтарын айқындайды. Негіздемелік бағдарламаға Қазақстан Үкіметі мен БҰҰ-ның Тұрақты үйлестірушісі қол қойды, сондай-ақ БҰҰ-ның 25 құрылымы бірлесіп қол қойды¹⁵. Негіздемелік бағдарламаға басшылықты Премьер-Министрдің орынбасары және БҰҰ-ның Тұрақты үйлестірушісі тең төрағалары болып табылатын жоғары деңгейдегі Негіздемелік бағдарламаның Басқарушы комитеті жүзеге асырады.

Негіздемелік бағдарлама **экологиялық тұрақтылықты және «Ешкімді артта қалдырмау» (LNOB) қағидасына** негізделген гендерлік сезімтал бағдарламаларды қамтиды. Ол елдік контекстке бейімделген және тұрақты даму үшін қолайлы заңнамалық орта құруда саясатты қалыптастыратын адамдардың ұлттық билік органдарының әлеуетін нығайтудағы БҰҰ-ның нормативтік ролін көрсетеді.

Негіздемелік бағдарлама үш стратегиялық басымдықты қамтиды:

- 1. Адамдардың кеңейтілген мүмкіндіктері:** адами капиталды дамыту және әлеуметтік қызметтер;
- 2. Тиімді басқару:** тиімді институттар, адам құқықтары және гендерлік теңдік;
- 3. Тұрақты даму:** инклюзивті экономикалық өсу және экологиялық тұрақтылық.

Әрбір стратегиялық басымдықтың екі түпкі нәтижесі бар:


- ▶ **Түпкі нәтиже 1.1:** 2025 жылға қарай тиімді, инклюзивті және есеп беретін институттар Қазақстанда тұратын барлық адамдар, әсіресе ең осал топтар үшін «ешкімді артта қалдырмау» қағидатына сәйкес сапалы және әлеуметтік қызметтердің гендерлік аспектілерін ескеретін тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін болады.
- ▶ **Түпкі нәтиже 1.2:** 2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, әсіресе осал топтар, елдің тұрақты дамуына тең дәрежеде үлес қосуға мүмкіндік беретін білім мен дағдыға ие болады.
- ▶ **Түпкі нәтиже 2.1:** 2025 жылға қарай Қазақстанда адам құқықтарын қорғау және толық іске асыру, гендерлік теңдік және кемсітушіліктен, зорлық-зомбылықтан және қауіп-қатерден азат өмір, сондай-ақ шешімдер қабылдауға тең құқылы қатысу қамтамасыз етіледі.
- ▶ **Түпкі нәтиже 2.2:** 2025 жылға қарай барлық деңгейдегі мемлекеттік институттар адам құқықтары мен дәлелдері негізінде гендерлік аспектілерді ескеретін мемлекеттік саясатты тиімді әзірлеп, жүзеге асыратын және жан-жақты, ашық және есеп беретін түрде сапалы қызметтер көрсететін болады.
- ▶ **Түпкі нәтиже 3.1:** 2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, әсіресе неғұрлым осал топтар өндірістік әлеуетті нығайта отырып, инклюзивті, тұрақты және тұрақты экономикалық даму нәтижелерін, тұрақты және лайықты жұмыс істеу, өмір сүруге қаражат алу және бизнес жүргізу үшін дағдылар мен тең мүмкіндіктерді пайдаланатын болады.
- ▶ **Түпкі нәтиже 3.2:** 2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, атап айтқанда, неғұрлым осал топтар климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыру, қоршаған ортаны және таза энергияны тұрақты басқару, сондай-ақ ауылдық және қалалық аудандарды тұрақты дамыту нәтижелерін пайдаланатын болады.

Белгілі бір қиындықтарға қарамастан, БҰҰ барлық алты стратегиялық түпкі нәтижелер мен 2022 жылы жүзеге асырылған 171 іс-шара бойынша прогрессті тіркеді. Іс-шаралардың төрттен үш бөлігі ТДМ 5 (25,7%), ТДМ 16 (19,9%), ТДМ 3 (14,6%), ТДМ 4 (7,6%) және ТДМ 8 (7,6%) қол жеткізуге бағытталған. Қол жеткізілген нәтижелер ТДМ трансформациялық сипатын және ұлттық басымдықтармен — «Қазақстан-2050» стратегиясымен, «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарымен, Он ұлттық жобалармен, «2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасымен», «2060 жылға дейінгі көміртекті бейтараптық стратегиясымен» және басқа да салалық стратегиялармен үйлесімді келісімділікті көрсетеді.

2022 жылы БҰҰ ТДМ іске асыру үшін 46,9 млн. доллар көлемінде қажетті ресурстардың 97,5% қамтамасыз етті. 7-суретте ТДМ бойынша ең үлкен бес қаржы бөлу көрсетілген. Компоненттер мен нәтижелер бойынша одан әрі өзара үйлестіруді «Қаржылық шолу және ресурстарды жұмылдыру» бөлімінен табуға болады.

БҰҰ 3 млн. осал азаматтардың басым бөлігі тұратын елдің оңтүстігіне көбірек көңіл бөле отырып, ел өңірлерінде өз қызметін нығайтуды жалғастырды¹⁶. Сонымен қатар Қазақстандағы БҰҰ гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы күресті, экономикалық және сауда ынтымақтастығын кеңейтуді және ТДМ қол жеткізудегі прогресті қадағалауды қоса алғанда, Орталық Азиядағы өңірлік бағдарламалар мен жобаларға бастамашылық етуді және оларға қосылуды жалғастыруда.

2022 жылға арналған бірлескен жұмыс жоспарындағы әрбір ТДМ бойынша қызметтің үлесі



2022 жылғы шаралардың жалпы саны — 171

- ТДМ 1: Кедейлікті жою
- ТДМ 1: Аштықты жою
- ТДМ 3: Жақсы денсаулық және амандық
- ТДМ 4: Сапалы білім
- ТДМ 5: Гендерлік теңдік
- ТДМ 6: Таза су және санитария
- ТДМ 7: Арзан және таза энергия
- ТДМ 8: Лайықты жұмыс және экономикалық өсу
- ТДМ 9: Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым
- ТДМ 10: Теңсіздікті азайту
- ТДМ 11: Тұрақты қалалар мен елді мекендер
- ТДМ 12: Жауапты тұтыну және өндіріс
- ТДМ 13: Климаттың өзгеруімен күрес
- ТДМ 14: Теңіз экожүйелерін сақтау
- ТДМ 15: Құрлық экожүйелерін сақтау
- ТДМ 15: Бейбітшілік, сот төрелігі және тиімді институттар
- ТДМ 17: Тұрақты даму мүддесіндегі серіктестік

2022 жылғы шығыстар үлесі бойынша үздік-5 ТДМ



2022 жылы БҰҰ іске асырған даму мақсатында ынтымақтастық саласындағы іс-шаралардың өңірлік үйлестірілуі

2022 жылы Негіздемелік бағдарламаның негізгі нәтижелері

Стратегиялық басымдық

2022 жылы Негіздемелік бағдарламаның негізгі нәтижелері

1. Адамдардың кеңейтілген мүмкіндіктері

Әділ әлеуметтік саясат (мысалы, қабылданған Әлеуметтік кодекс)

Кең әлеуметтік қорғау (мысалы, Отбасының цифрлық картасы, балаларды бақылаудың ұлттық құралдары, Көші-қон саясаты тұжырымдамасы)

Сапалы медициналық қызметтер және COVID-19 жауап беру (мысалы, 2022–2025 жылдарға арналған иммундау жүйесінің ұлттық жол картасы, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен медициналық қызмет көрсетушілерді нығайту)

Жастардың тұрақтылығы (мысалы, 2023–2027 жылдарға арналған Жастар саясаты тұжырымдамасының жобасы, мұғалімдерді бейімдеу, Y-PEER желісін кеңейту)

Осал топтарға кеңейтілген қолжетімділік (мысалы, АИТВ-ны бақылау мен бағалаудың ұлттық жоспарлары, мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетудің жол картасы).

2. Тиімді басқару

Заңнаманы БҰҰ-ның халықаралық нормалары мен шарттарына сәйкес келтіру мүмкіндіктерін кеңейту (мысалы, 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясаттың ұлттық тұжырымдамасы, Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы заң)

Сот төрелігі секторының институционалдық әлеуетін кеңейту (мысалы, бағдарламаларды бөлу және әзірлеу үшін негіз ретінде тұтқындардың тәуекелдері мен қажеттіліктерін бағалау құралы)

Құқық қорғау органдары жүйесін нығайту (мысалы, 3000 жуық түрме қызметкерлері мен пробацья қызметкерлері түрмелерді қауіпсіз және адамгершілікті басқаруға Қамаудағылардың тәуекелдері мен қажеттіліктерін бағалау жүйесінің (RNA) пилоттық жобаларына қатысу арқылы үлес қосады)

Гендерлік аспектілерді ескере отырып, кешенді бюджеттеуді нығайту және ТДМ сәйкес келтіру (мысалы, ТДМ қаржыландырудың ақпараттық панелі).

Мемлекеттік қызметтің тиімділігіне арналған цифрлық құралдар (мысалы, ЖИ Құқықтық көмекшісі)

3. Тұрақты даму

Климаттың өзгеруіне бейімделу және апаттар қаупін азайту саласындағы бастаманың көрінісі (мысалы, 2060 жылға дейінгі көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясы, «Жасыл» экономика тұжырымдамасы, елдің 8-ші Ұлттық хабарламаны және БҰҰ КӨНК-дегі 5-ші екі жылдық есепті ұсынуы)


Жастардың экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту (мысалы, тәлімгерлік жүйесі, Техникалық және кәсіптік білім беру орталығы)

Әйелдер кәсіпкерлігі (мысалы, әйелдер кәсіпкерлік орталықтары)

Ауылдық және қалалық аудандардың тұрақты дамуы (мысалы, экотуризмнің қайта қаралған стандарты, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды кеңейту, ТДМ 7-ге жетудің жол картасы, Астана және Алматы ақылды қалаларының профильдері)

Ерікті ұлттық шолу

2022 жылы БҰҰ Қазақстанның 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібін іске асыруда елдің қол жеткізген прогресі бағаланатын 2-ші Ерікті ұлттық шолу (ЕҰШ) бойынша жұмысын қолдады. БҰҰ барлық өңірлерде 2500 астам адамның қатысуымен жалпыұлттық консультациялар өткізуге жәрдем көрсетті. Бір мезгілде БҰҰ әйелдер, жастар, қарттар және мүмкіндігі шектеулі адамдар сияқты мүдделі тараптардың кең ауқымының қатысуымен Қазақстан халқы үшін ТДМ-нің бес басты басымдығы бойынша дауыс беруді қолдады. Қазақстан халқы үшін ең маңызды басымдықтар ТДМ 3 (Денсаулық), ТДМ 4 (Білім), ТДМ 1 (Кедейлікті жою), ТДМ 8 (Жұмыс және экономикалық өсу) және ТДМ 6 (Таза су және санитария) болып табылады - олардың барлығы 2022 жылы БҰҰ бағдарламаларында маңызды орын алады. Бұдан басқа, БҰҰ жеделдетілген прогресс жөніндегі ұсынымдар негізінде Қазақстанда ТДМ іске асыру жөніндегі елдің Жол картасын әзірлеуді қолдады. ЕҰШ баяндамасы 2022 жылдың шілдесінде Нью-Йоркте өткен жоғары деңгейдегі саяси форумда ұсынылды.





Ринат Балғабаев — Орталық Азиядағы «HeForShe» ынтымақтастық қозғалысының жақтаушысы

«HeForShe» науқаны аясында танымал қазақстандық блогер Ринат Балғабаев Орталық Азиядағы науқанның белсенді жақтаушысы болды. Ринат — тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары туралы «Қаш», дәмешілдік туралы «Қол тигізбе» және репродуктивті денсаулық туралы «Ұят емес» сияқты фильмдердің PR-кеңесшісі, продюсері және сценарий авторы.

Ринат HeForShe құндылықтарымен бөліседі және зорлық-зомбылыққа қарсы тұру үшін өзінің кең әлеуметтік медиа аудиториясын пайдаланады.

«Ер адамдар, ұялмаңыздар, көмектесіңіздер, қорғаңыздар, балаларға зорлық-зомбылықтың жаман екенін түсіндіріңіздер, ол қандай да бір түрде болмауы керек»

деп шақырады Ринат Балғабаев.

HeForShe жаһандық бастамасы — «БҰҰ-әйелдер» ұйымы ерлер мен ұлдарды қолдаушы ретінде тарту үшін әзірлеген және гендерлік теңдік қоғамдағы әрбір адамға әлеуметтік, экономикалық және саяси әсер ететін мәселе деген идеяға негізделген гендерлік теңдік үшін ынтымақтастық қозғалысы.



Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған «Жарық сәулесі» бастамасының өңірлік бағдарламасы



Әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық адам құқығын бұзудың ең көп таралған түрлерінің бірі болып табылады. Еуропалық Одақ пен БҰҰ-ның «Жарық сәулесі» бірлескен бастамасы 2030 жылға қарай әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрлерін жоюдың әлемдегі ең ірі бағдарламасы болып табылады. 2022 жылы Орталық Азия мен Ауғанстан үшін «Жарық сәулесі» бастамасының өңірлік бағдарламасының аяқталған I кезеңі шеңберінде әлеуметтік нормаларды өзгертуде және жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылыққа (ЖГЗ) қатысты құқықтық және институционалдық олқылықтарды жоюда айтарлықтай прогреске қол жеткізілді. Осы кезеңнің аясында жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылық туралы мәліметтер жиналды және әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықты жою үшін жергілікті жерлерде АҚҰ мүмкіндіктері кеңейтілді.

Негізгі нәтижелерге мыналар жатады:

- ▶ Өңірде 1,32 млн. адам жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылық (ЖГЗ) туралы білім алды;
- ▶ 10 мыңнан астам адам зорлық-зомбылықты алдын алу үшін маңызды болып табылатын маскулинділіктің оң көріністері туралы хабардар етілді;
- ▶ 11 талдамалық құқықтық шолулар және жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылыққа ведомствоаралық ден қою бойынша үш өңірлік зерттеулер Орталық Азиядағы ЖГЗ мәселелері бойынша өңірлік мүдделі тараптардың әлеуетін нығайтуға мүмкіндік берді;
- ▶ Дағдарыс орталықтарының 275 өкілі ЖГЗ жағдайларына кешенді ден қою бойынша өз мүмкіндіктерін кеңейтіп, ЖГЗ-дан аман қалғандардың сапалы қызметтерге қолжетімділігін едәуір жақсартты;
- ▶ Жергілікті билік органдарының 130 өкілі ЖГЗ алдын алу және оған ден қою контекстінде гендерлік факторларды ескере отырып бюджеттеу бойынша өз біліктілігін арттырды;
- ▶ 4000 астам АҚҰ өкілдері әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғауды күшейту тәсілдерінде біліктілігін арттырды;
- ▶ 31 АҚҰ және үш дағдарыс орталығы 544228 доллар сомасына грант бағдарламасы арқылы жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет ету жүйесінің негізгі қатысушылары болды.

«Жарық сәулесі» бастамасының өңірлік бағдарламасының II кезеңі 2023 жылдың қаңтарында басталды. Қазақстан Үкіметі ЖГЗ-ға қарсы күрес жөніндегі қызметке қосымша қаржы бөлді, бұл Орталық Азия мен Ауғанстан үшін «Жарық сәулесі» бастамасының өңірлік бағдарламасының нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді.



Қазақстандағы БҰҰ жүйесінің Ауғанстанды қолдауы

2022 жылы БҰҰ ауған халқының тұрақтылығын сақтау жұмысын жалғастырды. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен ынтымақтастықта және БҰҰ Тұрақты үйлестірушісінің қолдауымен жолға қойылған Ауғанстан мен Қазақстан арасындағы әуе көпірі 2022 жылы жұмысын жалғастырды: БҰҰ-ның Ауғанстанға жәрдемдесу миссиясы үшін 33 рейс орындалды. Үкіметтің Ауғанстаннан халықаралық персоналды уақытша қабылдауға дайындығы БҰҰ-ға Ауғанстан халқына өмірлік көмек көрсетуді жалғастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар Талибанның шетелде әйелдерді оқытуға тыйым салғанына қарамастан, БҰҰ білім алу мүмкіндіктеріне қолдау көрсетуді жалғастырды, нәтижесінде Ауғанстаннан келген 31 әйел ЕО мен БҰҰ-ның Ауғанстаннан келген әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі бірлескен бағдарламасы аясында академиялық бағдарламаларды аяқтады.



2020 жылғы қаңтардан бастап 2023 жылғы ақпанға дейін Қазақстанда COVID-19 ауруының 1 497 783 жағдайы және 19 068 өлім-жітім тіркелген. 2023 жылдың қаңтарындағы жағдай бойынша вакцинаның 33 563 811 дозасы енгізілді. 2022 жылы БҰҰ ересектер мен жүкті әйелдерде COVID-19 үшін ұлттық тестілеу нұсқаулықтары мен қайта қаралған емдеу хаттамаларын әзірлеуді қолдады. Сонымен қатар БҰҰ инфекцияларды алдын алу жөніндегі ұлттық нұсқаулықтарды қайта қарау бойынша техникалық көмек көрсетті.

БҰҰ күшімен ұлттық зертханалар нығайтылып, медицина қызметкерлерінің әлеуеті артты:

- ▶ 40 мың ПТР-сынақтар, шығын және зертханалық материалдар, сондай-ақ 147 мың антиденелер сынағы жеткізілді;
- ▶ 8178-ден астам дәрігер мен медбике COVID-19 ауыратын пациенттерін тиімді және дәлелді басқару бойынша оқудан өтті;
- ▶ 2400 маман генетикалық нұсқаларды анықтау, антиденелерге тестілеу, биоқауіпсіздік және қорғалғандық, сондай-ақ зертханаларды басқару бойынша оқытудан өтті;
- ▶ 4200 астам медицина қызметкері қазақ және орыс тілдерінде COVID-19 ден қою туралы дәлелді білім бойынша онлайн-оқытудан өтті;
- ▶ 15 ұлттық тәлімгер 29 клиникалық зертханалар мен денсаулық сақтау жүйесінің зертханаларын қамту үшін облыс пен қалаға тұрақты сапарлармен зертханаларда сапаны басқару бойынша оқытудан өтті;
- ▶ 1000 медицина қызметкері COVID-19 инфекциясының алдын алу бойынша нұсқаулық бойынша оқудан өтті.

COVID-19 назардан тыс қалу қаупі бар және/немесе АИТВ-мен өмір сүру немесе жұқтыру қаупі бар адамдарға әсерін шектейтін негізгі мемлекеттік медициналық, әлеуметтік және экономикалық шараларды біріктіру үшін БҰҰ 30 ұлттық және халықаралық стейкхолдерлермен ынтымақтасты. Сонымен қатар БҰҰ Ресей, Түркия және Қазақстаннан келген ішкі және халықаралық мигранттар үшін жыныстық және репродуктивті денсаулық қызметтеріне және АИТВ байланысты қызметтерге қол жеткізудегі олқылықтар туралы деректер жинады.

Вакцинация мен жалған ақпаратқа деген сенімсіздікке қарсы тұру үшін тәуекелдер туралы 1 млн ақпараттық материалдар таратылып, 300 мыңнан астам адам вакцинация туралы ақпаратқа қол жеткізді. Ақырында БҰҰ болашақта дайындықты қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау дағдарысы туралы хабарлаудың Стандартты операциялық процедурасын (СОП) әзірлеуді қолдады.



3.2 БҰҰ жүйесінің 2022 жылғы нәтижелері

ТҮПКІ НӘТИЖЕ 1.1

2025 жылға қарай тиімді, инклюзивті және есеп беретін институттар Қазақстанда тұратын барлық адамдар, әсіресе ең осал топтар үшін «ешкім назардан тыс қалмауы тиіс» қағидатына сәйкес сапалы және әлеуметтік қызметтердің гендерлік аспектілерін ескеретін тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін болады.



Балалардың әл-ауқатының индексын әзірлеуге қолдау көрсетілді

1,000

астам мектептегі медицина қызметкерлері дұрыс тамақтану бойынша оқудан өтті



Отбасының цифрлық картасы арқылы мүгедектігі бар 51,000 адамға арналған проактивті қызметтер



300,000

астам адам вакцинация туралы ақпарат алды



Қабылданған Әлеуметтік кодексті әзірлеуге техникалық және сараптамалық қолдау



2023-2027 жылдарға арналған Көші-қон саясаты тұжырымдамасын әзірлеу кезіндегі техникалық қолдау

Әлеуметтік саясат пен әлеуметтік қорғау кең негізде күшейтілді

2022 жылғы қаңтардағы тәртіпсіздіктерден кейін БҰҰ әлеуметтік қорғау жүйесін жақсартуға бағытталған қолдауын қайта қарады. Мұндай қолдауға әлеуметтік көмекке, білімге, жұмыспен қамтуға және медициналық қызмет көрсетуге, соның ішінде босқындар мен баспана іздеушілерге қолжетімділікті жақсартуға мүмкіндік беретін **Әлеуметтік кодексті, Көші-қон саясаты тұжырымдамасын**, Балалардың әл-ауқат индексын және Көп өлшемді балалар кедейлік индексын дайындаудағы сараптамалық және техникалық көмек кірді. БҰҰ шұғыл көмекке мұқтаж адамдардың саны туралы деректердегі олқылықтардың орнын толтырды, жергілікті деңгейде шешім қабылдаушыларды неғұрлым өзекті деректермен қамтамасыз ететін әлеуметтік қорғаудың жаңа жүйесінің негізгі элементі — Отбасының цифрлық картасының әдіснамасын әзірлеу арқылы **мүгедектігі бар 51 мың адамға проактивті қызметтер** көрсетті. БҰҰ өңірлерде әкімдер мен министрлердің кеңесшілері институтын құруды қолдады, осылайша мүгедек адамдардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, ұлттық деңгейде мүгедек балаларды кешенді қолдау жөніндегі жол картасы бойынша жәрдемдесті. Халықтың осал топтарының тұрақтылығын арттыру үшін БҰҰ Босқындар мен баспана іздеушілердің 161 осал отбасына көп мақсатты ақшалай гранттар (MCG) берді, сондай-ақ Алматы және Шымкент облыстарындағы босқындар мен баспана іздеушілердің ең осал 103 отбасына заттай гуманитарлық көмек жеткізді.



Жаннат пен Роза — ортақ іс біріктірген

Оларды мыңдаған шақырым бөліп, ортақ іс біріктіреді — ортақ көзқарас. Олардың екеуі де мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі кеңесшілер. Жаннат Есмағанбетова Атырауда, еліміздің батысындағы қалада, Роза Ақжаркенова Қазақстанның оңтүстік-шығысында тұрады. БҰҰДБ мен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бастамасымен 2021 жылдың аяғында мүгедектік мәселелері бойынша әкімдер кеңесшілері мен министрлер институтын дамыту жобасы іске қосылды. Қазіргі уақытта Қазақстан облыстарының 13 әкімі, төрт министр, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басшысы және кейбір қала әкімдерінің осындай кеңесшілері бар.

Түпкі нәтиже 1.1 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



ТДМ міндеттері



Отбасылардың тұрақтылығы артты

2022 жылы БҰҰ Медициналық сақтандырудың ұлттық жоспарын кеңейту аясында Салауатты тамақтанудың ұлттық жол картасын, 2023-2027 жылдарға арналған жастар саясаты тұжырымдамасын және Ерлі-зайыптылардың денсаулық паспортын қолдады. Тамақтанудың бұзылуының қосарлы мәселесін шешу үшін, дұрыс тамақтанбаумен қатар, семіздік болған кезде, БҰҰ мектептегі тамақтануды кеңінен бағалап, **1000 астам мектептегі медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттырды.** Мектептердегі қауіпсіздікті одан әрі арттыру үшін 68 эпидемиолог пен 150 мектеп медицина қызметкері сумен жабдықтау, санитария, гигиена/инфекцияны алдын алу (WASH/IPC) бойынша білім алды. Сонымен қатар, 1540 мектеп психологы, 100 алғашқы медициналық-санитарлық көмек қызметкерлері және 238 педагог психикалық денсаулық және нашакорлықты алдын алу бойынша оқытудан өтті. Балалары бар отбасыларды әлеуметтік қорғауды күшейту үшін 100 астам министрліктер мен АҚҰ өкілдері біліктіліктерін арттырды, ал жергілікті әкімшілер отбасын қолдау орталықтары арқылы көмек көрсету мәселелері бойынша қолдау алды. Баспана берудің сапалы рәсімдері мен қайта бағыттау тетіктеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін 17 өңірдегі құзыретті органдардың 58 өкілі босқындарды қорғаудың халықаралық стандарттары саласындағы өз әлеуетін нығайтты. Сонымен қатар 800 озық қызметкер мүмкіндігі шектеулі балалардың ажырасу қаупін азайту үшін іс жүргізу құралдарымен жабдықталған, ал 156 жергілікті қызметкер ішкі мигранттарға көмек көрсетуді жақсарту үшін Көші-қонды басқару негіздері 2.0 (EMM 2.0) бойынша оқытылды.

Жоғары сапалы медициналық қызметтер

2022 жылы БҰҰ иммундау және репродуктивті денсаулық сақтау қызметтеріне ерекше назар аудара отырып, қызметтерді тиімді көрсетуге бағытталған бірнеше негізгі іс-шараларды жүзеге асырды. Бұл жұмыс 2022-2025 жылдарға арналған иммундау жүйесіне арналған ұлттық жол картасы бойынша ұсыныстарды, сондай-ақ 175 323 адам пайдаланатын EGU. KZ вакцинация калькуляторын ілгерілетуді қамтыды, және **300 мыңнан астам адам иммундау туралы ақпаратқа қол жеткізді.** БҰҰ Дәрі-дәрмекпен түсік жасатудың бекітілген клиникалық хаттамасын әзірлеу арқылы қауіпсіз түсік жасатуды ілгерілету бойынша

жұмыс жүргізді және жеті аймақтан 100 маманға тиімді антенатальды, перинаталдық және неонаталдық көмек бойынша оқыту жүргізді. Репродуктивті денсаулық қызметтері туралы ақпаратқа қолжетімділікті жақсарту үшін БҰҰ медициналық ЖОО-ның 182 оқытушысы мен алғашқы медициналық-санитарлық көмектің 120 маманының құзыретін арттыра отырып, SRH.ORG.KZ веб-сайтын алға жылжытуды жалғастырды. Сонымен қатар БҰҰ мүгедектігі бар жандарға арналған репродуктивті денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділікті қолдады, жеңіл оқылатын аудармашылардың ұлттық пулын құруға ықпал етті және 34 мамандандырылған кітапханаға «Әйелге маңызды туралы: сіздің репродуктивті денсаулығыңыз және репродуктивті құқықтарыңыз» брошюрасын таратты.

Осал топтардың қызметтерге қолжетімділігі кеңейтілді

Өткізілген іс-шаралар «ешкімді артта қалдырмау» қағидасына негізделді. Мысалы, 200 астам осал босқындар мен баспана іздеушілерге сапалы медициналық көмек, соның ішінде жіті ауруларды емдеуге көмек көрсетілді. Сонымен қатар БҰҰ Босқындар мен баспана іздеушілер сияқты халықтың осал топтарын мемлекеттік денсаулық сақтау қызметтеріне кеңейтілген енгізуді қамтамасыз ете отырып, ұлттық заңнаманы халықаралық тәжірибеге сәйкестендіруге техникалық қолдау көрсетті. Сонымен қатар БҰҰ АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға сапалы қызметтерге қолжетімділікті жақсартуға көмектесті. Мысалы, еркектермен жыныстық қатынасқа түсетін 11 986 ер адам (МСМ) және инъекциялық есірткіні 27 126 тұтынушы тегін контрацептивтер алды. Денсаулық сақтау саласына қолжетімділікті кеңейту үшін БҰҰ Google және Яндекс карталарында АИТВ жұқтырған 30-дан астам тексерілген медициналық мекемелерді көрсететін ҰЕҰ әзірлеген шешімді тексеруді қолдады. Оған қоса БҰҰ Парламенттің 40 мүшесінің әлеуетін кеңейтуді қамтамасыз етіп, олардың ұлттық саясат пен АИТВ бақылау мен бағалаудың ұлттық жоспарлары және 2022 жылы қабылданған АИТВ бойынша өзін-өзі тестілеудің Ұлттық хаттамасы сияқты заңнамалық базаға сәйкестігін арттыру мақсатында олардың құзыреттілігін арттырды.



Сын-тегеуріндер:

- Балаларға арналған мемлекеттік шығыстардың жеткіліксіздігі
- Босқындардың денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, зейнетақы жүйесіне қолжетімділіктің жетіспеушілігі және осал отбасылар үшін мемлекеттік жәрдемақыларға жеткіліксіз енгізілуі
- Вакциналарға қатысты батылсыздық және жалған ақпарат

ТҮПКИ НӘТИЖЕ 1.2

2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, әсіресе осал топтар, елдің тұрақты дамуына тең дәрежеде үлес қосуға мүмкіндік беретін білім мен дағдыға ие болады



826 қыз
STEM — ғылым, технология, инженерия және математикада тәжірибе жинады



Giga бастамасы аясында Интернет жылдамдығын эксперименттік бақылау
7,000 астам мектепті қамтиды



1,2 млн астам жастар климаттың өзгеруі туралы ақпарат алды



2 млн адам әлеуметтік және мінез-құлық қарым қатынас дағдыларын жақсартты




15,000 жасөспірім жыныстық және репродуктивті денсаулық туралы ақпарат алды



АИТВ байланысты негізгі материалдарға **73,500** астам адам қол жеткізді

Білім берудің инклюзивтілігі артты

Білім беру жүйесінің жаңа шындыққа бейімделуін қамтамасыз ету үшін БҰҰ онлайн оқыту тәсілдерін ілгерілетуді және тұрақты даму перспективаларын білім беру стандарттарына біріктіруді жалғастырды. Мысалы, Интернетке біркелкі емес қолжетімділік алшақтығын жою үшін Giga пилоттық жобасы 38 мектепте Интернет жылдамдығын бақылауды жүзеге асырды және **үкіметке 7000 астам мектептің бағдарламасын кеңейтуге көмектесті**. Босқындардың осал отбасыларынан шыққан балалардың оқуын тоқтату қаупін азайту үшін БҰҰ 35 жоғары сынып оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттеріне планшеттер ұсынды. Мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін қашықтықтан оқытудың қолжетімділігін арттыру үшін 250 мұғалім жеңіл оқылатын EDU-OPEN.KZ платформасында өз әлеуетін арттырды. Балалардың интернетте көп отыруын ескере отырып, әлеуетті нығайту бағдарламасы арқылы мұғалімдер мен тәрбиешілердің цифрлық сауаттылығын арттыру бойынша жұмыс жүргізілді. БҰҰ 25 оқу бағдарламасын, сондай-ақ Жастар саясаты тұжырымдамасы мен Білім беруді трансформациялау саммитінде (TES) ұсынылған БҰҰ Ұлттық консультациялар есебінің бөлігі ретінде босқындар мен баспана іздеушілердің құқықтары бойынша ұсыныстарды әзірлеу арқылы тұрақты даму мен мемлекеттік білім беру стандарттарына енгізудің белсенді интеграциясын қолдады.



Үміт наноспутниктері

Әмина Пусурманованың Қазақстандағы ЮНИСЕФ-тің спутниктерді әзірлеу жөніндегі бастамасы UniSat бағдарламасына қатысуы оның STEM саласында өсуіне көмектесті. Бағдарламада жұмыс істей отырып, ол спутниктерді жобалау, сынау және орналастыру бойынша практикалық тәжірибе жинады. Бұл оған осы салада қолданылатын түрлі технологиялар мен әдістерді тереңірек түсінуге мүмкіндік берді және өз білімін нақты жағдайларда қолдануға мүмкіндік берді.

UniSat бағдарламасында жұмыс істеу Аминаға әртүрлі STEM салаларындағы кәсіпқойлардың жан-жақты тобымен ынтымақтасуға жол ашты. Бұл оған өзара әрекеттесу шеңберін кеңейтуге және әртүрлі көзқарастардан ақпарат алуға мүмкіндік беріп, оның сала туралы түсінігін одан әрі кеңейтті. ЮНИСЕФ-пен жұмысының шеңберінде Әмина мұқтаж балалар мен қауымдастықтардың байланыс технологиялары мен құралдарына қолжетімділігін қамтамасыз етумен айналысады. UniSat бағдарламасы Әмина үшін құнды тәжірибе болды және оған қатысу арқылы алған мүмкіндіктеріне риза.

Түпкі нәтиже 1.2 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



ТДМ міндеттері



Жастардың тұрақтылығы нығайтылды

Жастардың тұрақтылығын арттыру және өмірлік мүмкіндіктерін кеңейту үшін бірнеше іс-шаралар сәтті аяқталды. Мысалы, 15142 жасөспірім жастар ресурстық орталықтарының (ЖРО) моделін қайта қараудың арқасында жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін жақсартты. Сонымен қатар гендерлік теңдікті ілгерілету үшін 826 қыз жаратылыстану ғылымы, технология, инженерия және математика (STEM) бойынша білім алды. Инклюзивтілікті қамтамасыз ету үшін 25 мүмкіндігі шектеулі жастарға көшбасшылық пен тәуелсіз өмір сүрудің негізгі дағдылары үйретілді. Сонымен қатар **1,2 млн. астам жас #BeSafe бағдарламасы шеңберінде климаттың өзгеруіне төзімділік және апат қаупін азайту туралы білім алды.** Жалпы 3838 оқушы, 1411 мұғалім және 361 ерікті апаттарды, өрттерді және басқа да төтенше жағдайларды модельдеудің практикалық дағдыларын алды. Жеті аймақтағы 1300 мектептің 10–14 жас аралығындағы 125296 жасөспірім әлеуметтік және эмоционалдық оқудан өтті. Жыныстық және репродуктивті денсаулық құқығын ілгерілету үшін **Y-PEER еріктілері 15 000 астам жастарды оқытты,** сонымен қатар ASPAN чат-боты арқылы 173000 жастарға кеңес берді. Оған қоса Атырауда мектептердегі жыныстық тәрбие стандарттары бойынша 64 мектеп мұғалімінің құзыреттілігін арттыра отырып, қолдау жергілікті деңгейге таралды.

Отбасылардың құқықтары мен мүмкіндіктері кеңейтілді

Құзыреттілік пен білім елдегі қауіпсіз және өркендеген даму үшін отбасылардың мүмкіндіктерін кеңейту үшін қажет. 2022 жылы **2 млн. астам адам балаларға қатысты зорлық-зомбылықты алдын алу мақсатында әлеуметтік және мінез-құлық өзгерістеріндегі қарым-қатынас дағдыларын жақсартты.** Сондай-ақ мүгедектігі бар балалары бар 1000 ата-ана күтім жасау дағдыларын арттырды, ал 338 ата-ана құқықтық қолдау тетіктері туралы білім алды. Ал аутизммен ауыратын балалардың 501 ата-анасы отбасылық саясаттың дәлелді базасын нығайту үшін БҰҰ қолдауымен жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға қатысты. БҰҰ үйге барудың кешенді жүйесін ілгерілету үшін қайта қаралған басшылық қағидаттар мен рәсімдерді қолдады, нәтижесінде Түркістандағы 350 отбасы бірінші кезекте қажетті заттарды алуға құқығы бар деп айқындалды. Сенім көптеген адамдардың өмірінің ажырамас

бөлігі болып табылады, осыған байланысты БҰҰ Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен (ҚМДБ) бірлесіп «Исламдағы салауатты және гүлденген отбасы негіздерін» оқыту бойынша 18 ұстаздың (рухани тәлімгерлердің) біліктілігін арттыруды қолдады.

Маргиналды топтардың өмірлік мүмкіндіктері жақсарды

БҰҰ қызметінде халықтың осал топтарының белсенді және маңызды қатысуы ерекше орын алды. Мысалы, 13 жас босқын DAFI стипендиясының арқасында жоғары білімге қол жеткізді. АИТВ-мен өмір сүретін адамдарды белсенді тарту арқылы **73 500 астам адам АИТВ байланысты негізгі материалдарға қол жеткізді.** БҰҰ АИТВ-мен өмір сүретін 200 жасөспірімге стигма мен кемсітушілікпен күресуге көмектесетін Teenenergizer платформасын ілгерілетуді жалғастырды. БҰҰ кешенді қызмет көрсетуге жәрдемдесу мақсатында медицина қызметкерлерін жастарға бағдарланған қызмет көрсету әдістеріне оқытып, 30 жастар денсаулық орталықтары (ЖДО) арқылы АИТВ және басқа да созылмалы аурулармен өмір сүретін жасөспірімдерге қызмет көрсетуді біріктіретін ЖДО жұмыс жоспарын іске асыруда айтарлықтай прогресті (70%) тіркеді. Сонымен қатар 65 000 жазылушы БҰҰ қолдау көрсететін SHYN.KZ білім платформасына қол жеткізді, бұл ауылдық жерлердегі адамдарға және артта қалу қаупі бар адамдарға мүмкіндік береді.



Сын-тегеуріндер:


- Интернет байланысының біркелкі емес сапасы
- Мектептердегі жыныстық және репродуктивті тәрбиеге байланысты қате түсініктер
- АИТВ-мен байланысты тұрақты стигма

ТҮПКИ НӘТИЖЕ 2.1

2025 жылға қарай Қазақстанда адам құқықтарын қорғау және толық іске асыру, гендерлік теңдік және кемсітушіліктен, зорлық-зомбылықтан және қауіп-қатерден азат өмір, сондай-ақ шешімдер қабылдауға тең құқылы қатысу қамтамасыз етіледі.



«Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» заңды әзірлеуге қолдау көрсетілді



25 әйел көшбасшы 2023 жылы мемлекеттік қызметке үміткер болу мүмкіндігіне ие болды



2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясаттың ұлттық тұжырымдамасын іске асыруды қолдау



8,000 Азаматсыздыққа қарсы жалпыұлттық науқан барысында адам анықталды



620 Азаматтығы белгісіз адамға жеке басын куәландыратын құжаттарды алуға көмек көрсетілді



3,000 түрме қызметкерлері мен пробация қызметкерлері қамауда қауіпсіз және гуманистікпен қарауға үйретілген

Халықаралық стандарттар мен БҰҰ шарттарына сәйкестік артты

Халықаралық-құқықтық нормаларды кеңінен және тиімді қолдану барлық азаматтарға әділ және тең қарым-қатынасты қамтамасыз етудің кілті болып табылады. 2022 жылы БҰҰ 2030 жылға дейін отбасылық және гендерлік саясаттың ұлттық тұжырымдамасын іске асыруды қолдау арқылы халықаралық-құқықтық нормаларға ұлттық заңнамалық базаның сәйкестігін күшейтудегі прогресті қолдады, тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу туралы Қазақстан Республикасының Заңы бойынша заң шығару пікірталастарын тереңдете түсті және ХЕҰ № 190 Еңбек саласындағы қудалау мен зорлық-зомбылықты жою туралы конвенцияны ратификациялау жолындағы прогресті жеделдететін жұмыс орнындағы қудалау туралы дәлелді базаны күшейтті. БҰҰ Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы заңмен жұмыс істеуге техникалық көмек көрсетті, сондай-ақ заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Заң аясында ақшаны жылыстатуға/терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың ұлттық жүйесін нығайтты. Әйелдердің саяси өмірге қатысуын ынталандыру үшін БҰҰ 2023 жылы мемлекеттік лауазымдарға үміткер болу үшін 25 әйел көшбасшының әлеуетін нығайтты және әйелдердің саяси өмірге қатысуы бойынша сертификатталған нұсқаушылар желісін кеңейтті.



Азаматсыздық көлеңкесін жою

2021 жылдың аяғында таңғы аязда Роза өзінің тоғыз жасар қызы Маржанды Шымкент қаласының шетіндегі, Қазақстан-Өзбекстан шекарасына жақын жерде өндірістік ғимараттары жоқ мектепке алып барды.

Өзбекстанда туған этникалық қазақ Роза 2011 жылы жұмыс іздеп Қазақстанға қоныс аударды. Тәуелсіздік алғаннан кейін өзінің тарихи отанына оралған мыңдаған басқа этникалық қазақтар сияқты, Роза да «қандас» — тарихи отанына оралған этникалық қазақ мәртебесін алуға ұмтылды. Ол өтініш беру үшін қажетті қадам деп санап, Өзбекстан азаматтығынан бас тартты. Алайда Роза жаңасын алғанға дейін өзбек азаматтығынан айырылып, құжатсыз азаматтығы жоқ адамға айналды.

Алты айдан кейін Роза мен оның отбасы үшін жағдай айтарлықтай өзгерді. Азаматтық қоғамдағы БҰҰ БЖКБ серіктесі — Сана Сезім ұйымы қолдауымен #IBelong азаматтықсыздықты жою жөніндегі жаһандық науқан аясында Роза өзінің барлық балалары үшін туу туралы куәліктер мен Қазақстан заңнамасына сәйкес оны азаматтығы жоқ адам деп танитын жеке басын куәландыратын құжаттарды алды. «Мен аң-таң болдым», — деді ол сол сәтті еске алып. «Мен ақыры құжаттарым бар екенін түсіндім... Енді мен толыққанды адаммын. Мен өзімді қорғай аламын және өзім үшін және балаларым үшін қорықпай өмір сүре аламын».

Түпкі нәтиже 1.2 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



ТДМ міндеттері



Қорғаныс кеңейтілді

Балалар мен осал топтар БҰҰ-ның адам құқықтарын жүзеге асыруға бағытталған іс-шараларының басты назарында болды. Мысалы, 1500 бала тууды тіркеудің жетілдірілген процедуралары арқылы туу туралы куәліктерді алды, бұл жалпы тууды, соның ішінде медициналық мекемелерден тыс туылған балаларды тіркеуді қамтамасыз ету үшін прогресті жеделдетті. БҰҰ сонымен бірге артта қалған адамдарды қорғауды қамтамасыз ету үшін жұмыс істеді, 2020 жылдан бастап азаматсыздыққа қарсы жалпыұлттық науқан аясында **8000 адам анықталды. Азаматтығы белгісіз 620 адамға жеке басын куәландыратын құжаттарды алуға қосымша көмек** көрсетілді. Бала күтімі жүйесін реформалауды ілгерілету үшін БҰҰ кәсіби патронаттық отбасылар жүйесін қайта бейіндеуді жалғастырды, сондай-ақ кәсіби патронаттық отбасыларды бақылау алгоритмдерін әзірледі. Сонымен қатар көшіп-қонушы балаларды қорғауды күшейту мақсатында БҰҰ Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталықтарының ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру жөніндегі қызметін реттейтін жарлыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынды.

Тұтқындарға қатысты адам құқықтарын сақтау және қылмысты тиімді алдын алу

2022 жылы БҰҰ тұтқындармен қарым-қатынас жасау кезінде адам құқықтарын қорғау тәсілін және қылмысты тиімді алдын алуды жалғастырды. Мысалы, **3000 жуық түрме қызметкерлері мен пробация қызметкерлері БҰҰ-ның тұтқындарға қатысты ең төменгі стандартты ережелері — «Нельсон Мандела ережелері» (электрондық курс) бойынша оқытылды.** Қауіпсіз және гуманистік қамауда ұстауды одан әрі ілгерілету мақсатында 100 түрме қызметкері мен 1600 тұтқын Тұтқындардың тәуекелдері мен қажеттіліктерін бағалау жүйесінің (RNA) пилоттық жобаларына қатысты. Қауіпсіздік саласындағы әйелдердің рөлін ілгерілету мақсатында министрліктер мен ведомстволардың 150 өкілі БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 1325 қарарын орындау жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарын іске асыруда қолдау алды, сондай-ақ 50 әскери қызметші қақтығыстардың алдын алу мен бейбітшілік саласындағы әйелдер мәселелері бойынша даярлықтан өтті. Сонымен қатар полицияға деген сенімді арттыру мақсатында 200 полиция

қызметкерінің әлеуеті нығайтылды. Трансұлттық ұйымдасқан қылмыспен күресу үшін БҰҰ құзыретті органдардың 300 өкілін терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес, террористік желілерді жою және ақшаны жылыстатуға қарсы күрес бойынша интерактивті сабақтарға тартты. Жергілікті мекемелерде кеденнің 73 қызметкері тәуекел деңгейі жоғары жүктер мен жүктерді бейіндеу бойынша дағдыларға ие болды, нәтижесінде порттық бақылау бөлімшелері мен әуе жүктерін бақылау бөлімшелері (АККУ) 30 заттарды алып қою рәсімдерін жүзеге асырды. БҰҰ шекарадан қауіпсіз өтуге жәрдемдесу мақсатында қызметкерлерге көмек алу үшін мигранттарды жіберу тетіктерін қосымша оқытты.

Кемсітушілік пен стигма азайтылды

Маргиналды топтардың негізгі қызметтерге қол жеткізудегі кедергілерге және қоғамдағы стигматизацияға тап болу жағдайлары жалғасуда. 2022 жылы БҰҰ АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың жеке өмірін қорғауды жақсартуға көмектесті және қылмыстық заңнаманың кемсітушілік ережелерін жою үшін АҚҰ мүмкіндіктерін күшейтті. Мысалы, БҰҰ АИТВ-мен өмір сүретін әйелдердің тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған баспаналарға кіруіне жол бермейтін ережелерді жою туралы ұсыныстарды қоса алғанда, сот төрелігін кеңейту үшін нормативтік актілердің кешенді пакетін әзірлеуге АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың Ұлттық одағына грант берді. Сонымен қатар БҰҰ бірінші кезекте ЛГБТИ қауымдастығына бағытталған адам құқықтарының бұзылуы туралы ақпарат жинаудың онлайн құралын және Telegram арнасын іске қосуды қолдады.



Сын-тегеуріндер:

- Шешім қабылдау процесінде әйелдердің жеткіліксіз қатысуы
- АИТВ жұқтырған адамдарға арналған баспаналар мен мамандандырылған қызметтерге қолжетімділікті кемсіту
- Адам саудасының құбылыстары туралы білімдегі олқылықтар

ТҮПКИ НӘТИЖЕ 2.2

2025 жылға қарай барлық деңгейдегі мемлекеттік институттар адам құқықтары мен дәлелдері негізінде гендерлік аспектілерді ескеретін мемлекеттік саясатты тиімді әзірлеп, жүзеге асыратын және жан-жақты, ашық және есеп беретін түрде сапалы қызметтер көрсететін болады.



«Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» конституциялық заңды әзірлеуге қолдау көрсетілді



Жасанды интеллект (ЖИ) көмегімен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтаудың 30% өсуі



Нақты деректерге негізделген қартаю саласындағы саясат үшін ұлттық деректер жүйесін нығайту



Судьялыққа кандидаттарды іріктеу кезінде ашықтықты арттыру



2,000 астам АҚҰ жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылықты алдын алу бойынша көшбасшылық мүмкіндіктерін кеңейтті



Ресми органдардың 75 қызметкері мен журналистер ЖГЗ-ға көп салалы ден қою бойынша оқудан өтті


Неғұрлым тиімді мемлекеттік қызмет

2022 жылы Қазақстан БҰҰ Электрондық үкіметінің жаһандық даму индексіне 28-ші және БҰҰ-ның Жаһандық электрондық қатысу индексіне 15-ші орынға ие болды¹⁷. Қазіргі уақытта цифрлық құралдар тиімді басқару әдістері мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. БҰҰ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауды 30%-ға арттыруға және айына 100 жұмыс сағатын үнемдеуге мүмкіндік берген мемлекеттік қызметтегі инновацияларды жеделдету жөніндегі зертхана бастамашылық еткен жасанды интеллект (ЖИ) негізінде заң сараптамасы сервисін әзірлеуді қолдай отырып, мемлекеттік қызметтің әлеуетін нығайтуда елеулі ілгерілеуді тіркеді. Бұдан басқа Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі «E-Qyzmet» мемлекеттік қызметке жалдау процестерінің тиімділігін жеңілдететін және арттыратын жаңа прокторинг жүйесін пайдаланды. БҰҰ судьялығына кандидаттарды іріктеу кезінде ашықтық пен есептілікті арттыру үшін Жоғары сот кеңесінің тиімділігі мен әлеуетін арттыра отырып, Астана хабының мемлекеттік қызмет саласындағы жұмысы шеңберінде машиналық оқыту негізінде құрылған шешімді қосымша сынап көрді және әзірледі.

Институттар нығайтылды және мамандандырылған қызмет көрсету кеңейтілді

Қорғауды кеңейту үшін адам құқықтары саясатының негізінде жатқан күшті институттар қажет. 2022 жылы БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы жаңа Конституциялық заңды қолдады, сондай-ақ омбудсмен аппаратының 17 қызметкері мен Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың 12 қызметкері біліктілігін арттырды. БҰҰ тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары үшін дағдарыс орталықтарының санын одан

ТДМ міндеттері



«Көмек» дағдарыс орталығында қолдау алған Айсұлу оқиғасы

«2020 жылы Түркістанда «Көмек» дағдарыс орталығын аштық. Бұл өңір жыныстық және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, сондай-ақ кәмілетке толмағандарға қатысты жыныстық зорлық-зомбылықтың ең көп жағдайларымен танымал. Біздің орталық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге психологиялық және медициналық көмек көрсетеді. «БҰҰ-әйелдермен» ынтымақтастықта «Жарық сәулесі» бағдарламасы аясында психологтармен бірлесіп тренингтер мен семинарлар өткізілді. Осы жоба арқылы біз өз әлеуетімізді, сондай-ақ біздің орталық туралы адамдардың хабардарлығын айтарлықтай нығайттық. Нәтижесінде орталыққа келушілер ағыны көбейді», — дейді «Көмек» дағдарыс орталығының директоры Малика Жүсіпова.

Айсұлу (аты өзгертілді) — «Көмек» дағдарыс орталығында қолдау алған әйелдердің бірі:

«Мен жүкті болдым, күйеуім бізді үйден қуып жіберді. Менің төрт баламмен баратын жерім болмады. «Көмек» дағдарыс орталығы туралы интернеттен білдім. Бізді бірден жылы қабылдады. Бұл орталық бізді бір жыл екі ай бойы қолдап келеді. Психологтар маған терең депрессияны жеңуге көмектесті. Олар маған заңгерлік қолдау көрсетті. «Көмек» дағдарыс орталығына тамаша жұмысы мен көмегі үшін көп рақмет. Мен қиын кезеңді бастан өткердім, қорқыныштан арылдым, балалар үшін өмір сүріп, алға шықтым. Зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге менің кеңесім: ешқашан өзіңізге зиян келтірмеңіз, өзіңіз үшін және балалар үшін өмір сүріңіз және әрқашан дағдарыс орталықтарына хабарласыңыз».

Түпкі нәтиже 2.2 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



әрі ұлғайту және мүмкіндігі шектеулі әйелдер мен АИТВ-мен өмір сүретін әйелдер үшін баспаналарға және басқа да маңызды көмекке қолжетімділікті кеңейту қажеттілігін қосқанда, мамандандырылған қызметтерді тиімді ұсынуға кедергі келтіретін олқылықтарды жою бойынша бірнеше негізгі бастамаларды жүзеге асырды. Бұл олқылықтың орнын толтыру үшін БҰҰ, **әсіресе елдің оңтүстігінде, жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылыққа (ЖГЗ) көп салалы жауап беруді қамтамасыз ету үшін 75 жергілікті билік пен журналистердің** біліктілігін арттырды. Сонымен қатар алғашқы медициналық-санитарлық көмектің 151 маманы Клиникалық хаттама шеңберінде ЖГЗ зардап шеккендерге жан-жақты көмек көрсету тәжірибесін алды. Мүмкіндігі шектеулі әйелдер көптеген осалдықтарға тап болатындықтан, БҰҰ қосымша 25 әлеуметтік қызмет көрсетушілерді ЖГЗ-ға ұшыраған мүгедектігі бар адамдарға көмек көрсету аспектілеріне үйретті.


ЖГЗ жою

Әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық гендерлік теңсіздікке ықпал ететін кеңінен қабылданған әлеуметтік нормаларға негізделген. 2022 жылы БҰҰ 16 000 адам қатысқан гендерлік зорлық-зомбылықтың (ГЗ) таралуын жалпыұлттық зерттеуді жүргізуге қолдау көрсетті. Бұл зерттеу еркектердің гендерлік зорлық-зомбылықты қабылдауы туралы деректерді жақсартуға мүмкіндік берді. Бір уақытта БҰҰ бірнеше науқандарды бастады және трансформациялық өзгерістерді ілгерілету үшін негізгі платформаларға қатысты. Мысалы, Орталық Азиядағы **#Don'tBeSilentAsia** коалициясына қатысқан **2000 АҚҰ және белсенді әйелдер** өздерінің көшбасшылық қабілеттері мен өз елдеріндегі ұлттық билік органдарына ЖГЗ жою ісінде қалай қолдау көрсету туралы білімдерін кеңейтті. Сонымен қатар БҰҰ азаматтық қоғамның консультативтік кеңесі шеңберінде 26 азаматтық қоғам ұйымының өңірлік пікір алмасуына ықпал етті, оның нәтижелері бойынша ел деңгейінде қорғауды күшейту бойынша бірқатар негізгі ұсыныстар жасалды.

Қартаюу саласындағы саясат нығайтылды

Егде жастағы адамдардың қажеттіліктері мен әлеуеті ұлттық жүйелер мен жоспарлауға жеткіліксіз интеграцияланған күйінде қалып отыр. Қартаюу мәселелерін ескеретін құқыққа

негізделген демографиялық саясатты ілгерілету үшін БҰҰ құзыретті органдардың мүмкіндіктерін кеңейтті және **қартаюу туралы Ұлттық деректер жүйесін нығайтты**. Бұған 2017 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңдегі қартаюудың негізгі үрдістерін көрсететін «Қазақстанның аға буыны» статистикалық жинағының шығуын қолдау, сондай-ақ «Қазақстанның қарттары» статистикалық жылнамасында пайдаланылатын Белсенді ұзақ өмір сүру индексінің өлшеу әдістемесі бойынша сегіз ұлттық сарапшының біліктілігін арттыру кірді. Сонымен қатар БҰҰ 2022 жылы Қазақстандағы қарттардың қажеттіліктері мен мәртебесін көрсететін көрнекі ақпараттық материалдардың көмегімен қарттар туралы хабардарлықты арттыруды және түсініктерін өзгертуді жалғастырды.



Сын-тегеуріндер:

- Тиімді мемлекеттік қызметті одан әрі нығайту қажеттілігі
- ЖГЗ құрбандарын қолдау үшін дағдарыс орталықтарының әлеуеті жеткіліксіз
- Қартаюу мәселелері бойынша ұлттық әлеуеттегі олқылықтар

ТҮПКИ НӘТИЖЕ 3.1

2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, әсіресе неғұрлым осал топтар өндірістік әлеуетті нығайта отырып, инклюзивті, тұрақты және тұрақты экономикалық даму нәтижелерін, тұрақты және лайықты жұмыс істеу, өмір сүруге қаражат алу және бизнес жүргізу үшін дағдылар мен тең мүмкіндіктерді пайдаланатын болады.



200 шағын кәсіпкер сауда туралы білімдерін жетілдірді



260 жас адам жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін жақсартты



Жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасын 2050 жылға дейін жаңартуға қолдау көрсетілді



Әйелдер басқаратын 1,208 жаңа кәсіпорын және 723 стартапты қолдау



Қазақстанның сауда порталын (ҚСП) іске қосуға қолдау көрсетілді




Микрокредиттер есебінен қаржыландырылатын 39 тұрақты кәсіпорын

Экономикалық әртараптандыру және декарбонизация күшейтілді

Экономикалық әртараптандыру және қарқынды декарбонизация елдің инклюзивті, тұрақты экономикаға деген ұмтылысын қолдаудың негізгі факторлары болып табылады. Бұл басымдықты Қазақстан Үкіметі КС27-де атап өтті. 2022 жылы БҰҰ негізгі мемлекеттік органдар арасындағы салааралық ынтымақтастықты жақсарту және осы саланың негізі болып табылатын **2050 жылға дейінгі Жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасы** бойынша ұсыныстар арқылы билік пен саясаткерлердің әлеуетін нығайтуды жалғастырды. Декарбонизацияға жәрдемдесу мақсатында БҰҰ парниктік газдарды ұлттық түгендеу жөніндегі есепті қосымша дайындады және Қазақстанның экономикасы мен негізгі секторларына Еуропалық шекаралық көміртекті түзету тетігінің (EU CBAM) әлеуетті әсері туралы дәлелді базаны нығайтты. Оған қоса 75 астам жеке сектор өкілдері шығарындыларға квота саудасының ұлттық жүйесі аясында парниктік газдар шығарындылары бойынша ISO стандарттары туралы білімдерін жетілдірді.

Жұмыспен қамту мүмкіндіктері кеңейтілді

Қызметкерлерді жүйелі түрде қайта даярлау және біліктілігін арттыру адами капиталды дамыту деңгейін арттыру үшін ғана емес, сонымен қатар COVID-19 пандемиясынан кейінгі еңбек нарығындағы күтпеген жағдайларды жеңу үшін де қажет. 2022 жылы БҰҰ жұмыссыздар мен мүгедектігі бар адамдарға бағытталған онлайн курстарды әзірлеу үшін ең сұранысқа ие кәсіби дағдыларды модельдеді. Әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту үшін БҰҰ 14 мемлекеттік органның әлеуметтік қорғалмаған әйелдердің еңбекке қатысуын кеңейту әлеуетін нығайтты, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайға тап болған 183



Әсемнің хикаясы – Ауыл әйелдері табиғатты қорғаушы ретінде кәсіпкерлікті қолға алады

2021 жылы Әсем ауыл кәсіпкерлеріне іргелес ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда (ЕҚТА) өз бизнесін ашу және дамыту үшін қаржыландыруды ұсынатын «Эко-Даму» несиелеу бағдарламасы туралы хабардар болды. 9 млн. теңге көлемінде несие алып, Әсем қонақтарға экологиялық таза қызмет көрсету үшін екі киіз үй, жиһаз, ас үй ыдыстары мен тұрмыстық техника сатып алды. Жалдамалы үйдің ауласында киіз үй орнатуға көмектескен туыстары мен қамқор адамдарының көмегінің арқасында Әсем бір жылдан астам уақыт бойы тұрақты бизнес жүргізіп келеді.

БҰҰДБ, Ғаламдық экологиялық қор, Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры және Қазақстан Үкіметі іске асыратын «Эко-Даму» бағдарламасы ЕҚТА маңында тұратын ауыл тұрғындарын қолдауға бағытталған. Бағдарламаның негізгі басымдығы гендерлік теңдікті ілгерілету және жергілікті қоғамдастықтардың тұрақтылығын арттыру үшін әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту болып табылады.

Түпкі нәтиже 3.1 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



ТДМ міндеттері



әйелдің жұмысқа орналасуына ықпал етті. БҰҰ-ның жаңадан құрылған 14 әйел кәсіпкерлік орталығын қолдауы нәтижесінде 8705 әйел кәсіпкерге 26386 кеңес берілді, **1208 жаңа кәсіпорын, 723 стартап** құрылды. Жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейту үшін **260 жас шәкірттік бағдарламаға қатысты, ал 91 мүгедектігі бар адам** жұмысқа орналасу, кәсіпкерлік және көшбасшылық мүмкіндіктеріне ие бола отырып, кәсіптік оқыту орталығына етініш берді.

Ауылдық аудандардың экономикалық дамуы кеңейтілді

Ауылдық жерлердегі экономикалық әртараптандыру тұрақты экономикалық өсу үшін өте маңызды. Бизнесі жүргізудің тұрақты әдістерін ілгерілету үшін БҰҰ мемлекеттік көмек бағдарламалары бойынша 177 ауылдық кәсіпкердің мүмкіндіктерін кеңейтті, сондай-ақ 112 адам агротуризм саласында дағдыларға ие болды. БҰҰ **әйелдер басқаратын кәсіпорындарға ерекше назар аудара отырып, 39 тұрақты кәсіпорынға микрокредит бөлуге ықпал етті.** Ауыл шаруашылығын тұрақты жүргізуге жәрдемдесу мақсатында БҰҰ әйелдерге тиесілі үш фермада «ақылды» ауыл шаруашылығы технологияларын пилоттық енгізуді жүзеге асырды. Шағын жер иелерінің агро азық-түлік өндірістік-өткізу тізбегін дамыту үшін ұлттық және жергілікті билік органдарының 80 өкілі ауылдық аумақтарды кешенді жергілікті дамыту саласындағы өз құзыреттерін арттырды, сондай-ақ 2023–2027 жылдарға арналған Ауылдық аймақтарды дамыту тұжырымдамасы және Органикалық өнімдерді өндіру және олардың айналымы туралы заң бойынша қолдау көрсетілді. Фермерлердің қаржыландыруға шектеулі қолжетімділігін ескере отырып, БҰҰ кредиттік қауымдастықтардың, шағын және орта бизнестің (ШОБ) және Агротехникалық университеттің әлеуетін одан әрі арттыруды қолдады, бұл да агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2021–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыруға ықпал етті.

Сауда және экспорт жақсарды

БҰҰ экспортты дамытуға, трансшекаралық сауда рәсімдерін жеңілдетуге, тұрақты құн тізбегін дамытуға және сауда алмасуды ынталандыруға жәрдемдесуді жалғастырды. Мысалы, елдің төрт аймағындағы 288 жергілікті өндірушілер «Бір ауыл — бір өнім» пилоттық жобасы арқылы әр аймақ үшін әлеуетті экспорттық өнімдер туралы білімдерін кеңейтті. Трансшекаралық

саудаға жәрдемдесу үшін БҰҰ жеке сектордың 330 өкілін ШОБ үшін трансшекаралық сауда талаптарына үйретті. Әйелдер басқаратын тағы 65 компания сауда ережелері бойынша оқытылды, ал әйелдер басқаратын 25 ШОБ электрондық коммерция дағдыларын арттырды. ШОБ-тың 200 өкілі **БҰҰ қолдауымен іске қосылған Қазақстанның сауда порталы арқылы сауда ақпаратына қол жеткізді,** сондай-ақ сауда алмасу саласында, мысалы, Әзірбайжан, Грузия, Түркия, Иран, Қазақстан және Өзбекстан өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел шеңберінде көмек көрсетілді, оның нәтижелері бойынша әрі қарай үйлестіру үшін басым іс-қимылдар тізімі жасалды.



Сын-тегеуріндер:

- Кәсіптік білім мен еңбек нарығының талаптары арасындағы алшақтық
- Фермерлердің қаржыландыруға қол жеткізіндегі тұрақты кедергілер
- Сауданы жеңілдетудің ұзақ процесі

ТҮПКИ НӘТИЖЕ 3.2

2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, атап айтқанда, неғұрлым осал топтар климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыру, қоршаған ортаны және таза энергияны тұрақты басқару, сондай-ақ ауылдық және қалалық аудандарды тұрақты дамыту нәтижелерін пайдаланатын болады.



ТДМ 7 жол картасы әзірленді



58,000 га бағалы ормандарды сақтау күшейтілді



Көміртекті бейтараптық стратегиясын әзірлеу бойынша қолдау көрсетілді



36 төмен көміртекті жоба CO₂ шығарындыларын 37 599 тоннаға азайтты



Қуаты 50 МВт күн электр станциясы үшін \$40-50 млн көлемінде тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) тартылды



74,000 адам топырақ құнарлылығы туралы білімдерін жетілдіру арқасында өздерінің әл-ауқатын арттырды

Төмен көміртекті даму күшейтілді

2022 жылы БҰҰ озық ұсыныстардың бастамашысы болды және **2060 жылға дейінгі Көміртекті бейтараптық стратегиясы**, Экологиялық кодекстің заңға тәуелді актілері сияқты климаттың өзгеруі саясатын әзірлеу мен жүзеге асыруды қолдады және парниктік газдар шығарындылары, қазба отынына субсидиялар реформасы, жаңартылатын энергия технологиялары, қалдықтарды басқару және биоалуантүрлілікті қаржыландыру сияқты бірқатар экологиялық мәселелер бойынша кеңес беру қызметтерін ұсынды. Бұдан басқа БҰҰ елдің Қазақстанның ұлттық деңгейде айқындалатын салымдарын (ҰДАС) жаңартуын және бейімделу жөніндегі тарауды қосуды қолдады. БҰҰ елдің өнеркәсіптік апаттар туралы конвенцияға қосылуын қолдады, Сырдария өзенінің ластануымен күресу бойынша бірлескен шараларды әзірледі, сондай-ақ су ресурстарын басқару жөніндегі ұлттық саясат бойынша диалог жүргізумен қатар БҰҰ КӨНК-де 8-ші ұлттық хабарлама мен 5-ші екі жылдық есепті ұсынуды қолдады.

Қалалар мен ауылдық аудандардың тұрақты дамуы нығайтылды

2022 жылы БҰҰ қалалар мен ауылдарды тұрақты дамыту саясаты мен тәжірибесін ілгерілетуді жалғастырды. Мысалы, БҰҰ оңтүстік пен солтүстік арасындағы ұтқырлықты арттырды, **ТДМ 7-ге жетудің жол картасын** жасады және жеке инвестицияларға ықпал етті. Сонымен қатар БҰҰ өнеркәсіпті декарбонизациялау талдауын, көмірді кезең-кезеңімен пайдаланудан бас тарту жөніндегі жол картасы шеңберіндегі тәуекелдерді талдауды және жаңартылатын энергия көздері туралы заңнаманы ілгерілету жөніндегі ұсыныстарды ұсынды. Энерготиімді әдістерді ілгерілету үшін БҰҰ ұлттық мүдделі тараптардың тұрақты дамуға



Біз өзімізді өзгерттік — #BeGreen Kazakhstan еріктісі

Қазақстандық қыз Алтынай өз қоғамдастығына қоршаған ортаны қорғауға көмектесу үшін ЮНИСЕФ-тің #BeGreen бастамасына қосылды. Бастапқыда қобалжып, өз күшіне сенімді болмаса да, ол тез арада топта өз орнын тауып, әртүрлі экологиялық бастамалардың белсенді қатысушысына айналды.

Алтынай өзінің еріктілік қызметінің арқасында жаңа дағдыларға ие болды, жаңа адамдармен танысты және өз қоғамдастығына оң әсер етті. Жолдағы қиындықтар мен кедергілерге қарамастан, ол өз ісіне адал болып қала берді және өз қауымдастығы мен планетасы үшін жақсы болашақ құру үшін жұмысын жалғастырды. Нәтижесінде ЮНИСЕФ #BeGreen бастамасы аясындағы Алтынайдың тәжірибесі еріктілік күшінің және оның жекелеген адамдар мен қауымдастықтарға тигізетін трансформациялық әсерінің айғағы болды.

Түпкі нәтиже 3.2 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



ТДМ міндеттері




көшу саласындағы құзыреттілігін арттыратын бірнеше құралдарды әзірледі. Астана мен Алматы үшін Ақылды қала профильдерін әзірлеудің арқасында БҰҰ ТДМ 11 және қалалардың дамуына байланысты басқа да ТДМ-ға қол жеткізудегі прогресті одан әрі жеделдетті. Оған қоса БҰҰ Астанада Стратегиялық экологиялық бағалаудың пилоттық жобасын ұсынды және микро, шағын және орта кәсіпорындар (МШОК) үшін тұрақтылық пен тұйық цикл экономикасына ілгерілеу бойынша үздік тәжірибелерді, сондай-ақ шикізат жеткізу тізбегі, пестицидтердің өмірлік циклін басқару және автомобиль көлігінде табиғи газ саласындағы жетілдірілген инновациялар үшін маңызды шешімдерді ілгерілететін құралдарды шығарды.

Ауылдық қауымдастықтардың мүмкіндіктері кеңейтілді

БҰҰ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың (ЕҚТА) кеңеюін қолдай отырып және **58 мың гектар бағалы ормандардың** сақталуын жақсартып, ауылдық қауымдастықтардың әл-ауқаты мен тұрақтылығын арттыруды жалғастырды. 2022 жылы ЕҚТА аумағы ел аумағының 9,78% дейін ұлғайды, бұл шамамен 84 400 адамның әл-ауқатын жақсартты. Сонымен қатар жабайы табиғатты қорғаудың күшейтілген бақылауы мен күш-жігері қар барысы популяциясының 180 дараға дейін ұлғаюы және Бұхара бұғысы мен құланның реинтродукциясы арқылы оң нәтиже берді. Бөкей ордасы табиғи резерваты мен «Ащыөзек» қорығын құру есебінен бір мезгілде 100 астам жаңа тұрақты жұмыс орны құрылды. Ауылдық жерлердің әл-ауқатын одан әрі арттыру мақсатында 700 фермер топырақ өнімділігі туралы білімді жақсарту арқылы кірістерін арттырды, бұл Арал өңірінде **74 000 адамға пайда әкелді**. Әйелдер мүмкіндіктерін кеңейту үшін төрт ауданда пилоттық форматта қоғамдық жайылым кеңесін құру (әйелдердің 30%) әйелдердің қоғамдағы шешім қабылдауға әсерін арттырды. Сонымен қатар экотуризмді дамыту үшін БҰҰ экотуризмнің қайта қаралған стандарттарын қолдады, әрі үш туристік бағытты және ұлттық саябақтарға бес виртуалды турды сынап көрді.

Климаттың өзгеруіне төзімділік артты

2022 жылы тұрақтылықты арттыру жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде энергетикалық ауысу үшін жағдайларды жақсарту және жастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету БҰҰ қызметінде ерекше орын алды. Мәселен, жылдық әлеуеті 7299,7 тонна CO₂ шығарындыларын азайтатын энергия тиімділігін арттырудың 23 жобасы, сондай-ақ қуаты жылына 109,13 МВт/сағ болатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қуаты 2 кВт болатын 28 гибриді жел-күн электр станцияларын орнату мақұлданды. Сонымен қатар пилоттық фермалар мен екі көпқабатты тұрғын үй үшін қуаты 5 кВт болатын он төмен қуатты жаңартылатын энергия көздері жаңартылды. Қаржыландыруға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін БҰҰ **DAMU қорының 36 төмен көміртекті жобаларын қолдады, бұл CO₂ шығарындыларын 37 599 тоннаға азайтуға және 215 уақытша жұмыс орнын құруға мүмкіндік** берді. Тәуекелдерді азайту жөніндегі реттеуші шараларға инвестициялар жаңартылатын энергия көздері саласында қосымша қаражат тартуға, оның ішінде Түркістандағы қуаты 50 МВт күн электр станциясына **тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) түрінде 40–50 млн. доллар** тартуға мүмкіндік берді. Жастардың тартылуын арттыру мақсатында 361 ерікті, оның ішінде 264 қыз экологиялық оқудан өтті, ал үш өңірде оқушылардың еліміздің таулы аймақтарының биоалуантүрлілігі туралы білімдерін арттыру бағдарламасы енгізілді.



Сын-тегеуріндер:

- 2060 жылға дейін көміртекті бейтараптық стратегиясын жүзеге асыру үшін жеткілікті инвестицияларды қамтамасыз ету қажеттілігі
- Әкімшілік-аумақтық бөліністің өзгеру тәуекелдері ЕҚТА-ның кеңеюін кешіктіруі мүмкін
- Жаңартылатын энергия көздері саласындағы қаражатты жұмылдыруды одан әрі қамтамасыз ету қажеттілігі



жылдармен салыстырғанда әлеуметтік нормалар индексінің жақсаруы байқалады¹⁹.

Осал топтарды қатыстыруда айтарлықтай прогреске қол жеткізілді. «Digital Bridge 2022» форумында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шалғайдағы ауылдардың 300 мыңнан астам тұрғыны сапалы интернетке қол жеткізе алмайтынын мәлімдеді²⁰. Сонымен қатар интернетті пайдалану және цифрлық сауаттылық тұрғысынан қалалық және ауылдық жерлер арасындағы алшақтық сақталады²¹. 2021 жылы Үкімет 2025 жылға дейін «Цифрландыру, ғылым және инновация есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын қабылдады. Ел іс жүзінде цифрлық гендерлік паритетке қол жеткізгенімен, мүгедектігі бар жандардың цифрлық интеграциясына кедергі келтіретін олқылықтар бар. Дегенмен мүгедектігі бар адамдарды одан әрі тарту белгілері байқалады, соның ішінде Президент қол қойған мүгедектігі бар адамдар мен балаларға қатысты қорлайтын сөздерді алып тастау туралы заң²². Сонымен қатар, «мүгедек» термині «мүгедектігі бар адам», ал «мүгедек бала» — «мүгедектігі бар бала» болып өзгертілді.

БҰҰ ішінде жастардың, гендердің және бағдарламалық және жедел қызметтегі мүгедектіктің проблемаларын ескеретін саясатты іске асырудағы олқылықтарды жою бойынша қадамдар жасалуда. Мысалы, АИТВ-ға қатысты мәселелер «Ақпаратты басқару жүйесіне арналған жастар профилі» сауалнамасында көрсетілген. Сонымен қатар БҰҰ-ның мүгедектігі бар адамдарды интеграциялау жөніндегі іс-қимыл жоспары қабылданды және мүгедектігі бар адамдарға тікелей сілтеме жасай отырып, жалдау және жұмыспен қамту бойынша кемсітпеу туралы өтінішке қол қойылды. Гендерлік проблематиканы өзектендіру және инклюзивтілік ақпараттандыру бойынша бірлескен күш-жігерде, оның ішінде ТДМ-ға қол жеткізуге және жергілікті қауымдастықтарды дамытуға бағытталған «Қазақстанның әйелдері — гүлденген және орнықты әлемнің қорғаушылары» науқаны, сондай-ақ STEM-дегі әйелдерге арналған Халықаралық қыздар күні сияқты дәстүрлі емес тақырыптық салаларда да көрнекті орын алды.

3.3 «Ешкімді артта қалдырмау» қағидасын қамтамасыз етудегі прогресс

«Ешкімді артта қалдырмау» қағидасы 2021–2025 жылдарға арналған ТДЫНБ-да орталық орын алады. Алайда осал топтар, соның ішінде мүгедектігі бар адамдар, әйелдер мен қыздар, босқындар мен азаматтығы жоқ адамдар, АИТВ-мен өмір сүретіндер және басқалар оқшаулану, кемсітушілік және кедейлік қаупімен, сондай-ақ лайықты өмір сүру үшін мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу қиындықтарымен бетпе-бет келеді.

Қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, әйелдер белгілі бір жұмыс түрлеріне тең емес қолжетімділікке, ана болу немесе отбасылық жағдайға байланысты кемсітушілікке, сондай-ақ ақысыз үй тапсырмасы мен ресми жұмыспен қамтудың екі есе ауырпалығына тап болады. Сонымен қатар әйелдер арасындағы жұмыссыздық ерлерге қарағанда жоғары

болып қала беруде (2,9%-бен салыстырғанда 4,4%)¹⁸. 2017 жылы тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыссыздандырылғаннан бері зорлық-зомбылық құрбандары сот төрелігіне қол жеткізудегі қиындықтарға, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар мен АИТВ-мен өмір сүретін адамдар үшін баспанаға кіруге кедергілерге тап болды. Гендерлік әлеуметтік нормалар индексі (2017–2022 жж.) сондай-ақ қазақстандықтардың 93,42%-гендерлік теңдікке және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге қарсы кем дегенде бір бейімділік нысаны бар екенін көрсетеді, бұл ретте интимдік серіктес тарапынан зорлық-зомбылық және репродуктивтік құқықтар туралы пікірлер бағаланатын физикалық қол сұғылмаушылыққа қатысты неғұрлым елеулі бейімділік тіркелген. Осыған қарамастан, оң үрдіс тіркелді, өйткені Қазақстанда өткен





3.4 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібі бойынша әріптестік және қызметті қаржыландыру

Біріккен Ұлттар Ұйымы да, Үкімет те ресурстар мен серіктестерді, әсіресе жеке сектордан, ТДМ мен 2030 жылға дейінгі күн тәртібінің басымдықтарын іске асыруды қоса алғанда, ағымдағы стратегиялық шеңберлерді барынша толық іске асыру үшін әртараптандырудың маңыздылығын атап көрсетеді. Құндылықты арттыратын және қаржылық және саяси қолдау көздерін анықтайтын қолданыстағы және жаңа серіктестіктерді анықтау Қазақстандағы БҰҰ жүйесі үшін өте маңызды. 2022 жылы БҰҰ ТДМ-ға қол жеткізуді жеделдету мақсатында серіктестік қатынастарын нығайтты және әртараптандырды. Бірнеше инновациялық серіктестіктер құрылды, олар айтарлықтай нәтиже берді.

Үкіметпен инновациялық серіктестік

2022 жыл бойы Үкімет қазіргі флагмандық бастамаларды ұйымдастырушы ретінде маңызды рөл атқарды. БҰҰ Үкіметімен әріптестік арқылы парниктік газдар шығарындыларын бейтараптандыру үшін өтемақы механизмін құру, климаттың өзгеруі жағдайында мұздық көлдерінің жарылу қаупінен Орталық Азия халқының осалдығын төмендету, жасыл бизнесті

жедел дамыту, өнеркәсіпті декарбонизациялау, Жасыл экономика мүддесінде іс-қимыл үшін әріптестік шеңберіндегі ынтымақтастық (PAGE) және тұрақты мемлекеттік сатып алулар сияқты мәселелер бойынша мүдделі тараптардың кең ауқымын біріктіруді жалғастырды.

Қаржыландырудың кешенді ұлттық тетігі (ҚҚҰТ)

Қазақстанда елді дамыту үшін қаржыландырудың жалпы қолжетімді көлемі 2015 жылғы 75% салыстырғанда 2016–2020 жылдар кезеңінде ЖІӨ-нің 65% дейін қысқарды. «Қаржыландырудың кешенді ұлттық тетігін әзірлеу жолында ТДМ-мен саясат және қаржыландыру шараларын келісу» бірлескен бағдарламасы шеңберінде БҰҰ қаржыландыру мен бюджеттеудің интеграцияланған тетіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ ТДМ-нің ұлттық бюджеттік жоспарлармен келісімділігін арттыру үшін құралдарды әзірлеуде үкіметке қолдау көрсетуді жалғастырды.

2022 жылы бірнеше негізгі нәтижелер тіркелді:

1. **Климаттың өзгеруіне бейімделуге және оның салдарын жұмсартуға тікелей және жанама бағытталатын мемлекеттік ресурстардың үлесін бағалауға** мүмкіндік беретін ТДМ-ға бағдарланған климаттық қаржыландыру стратегиясын тұжырымдау;
2. Барлық 17 ТДМ бойынша бюджет қаражатын айқындауға мүмкіндік беретін **ұлттық бюджеттерді жедел кешенді бағалауды (ЖКБ) жүйелеу әдістемесі** әзірленді;
3. Бес жылдық кезеңге арналған ТДМ бюджеттеу жол картасына трансформациялау мақсатында ТДМ-нің мемлекеттік бюджеттеу жүйесіне одан әрі интеграциялануына ықпал етуге арналған ТДМ бюджеттеуді енгізу жөніндегі жол картасы әзірленді;
4. **ТДМ шығындарын оңтайландыру**, Үкіметпен серіктестікте он жылдық кезеңді қамтитын ТДМ 4.2 шығындарын есептеу моделінде дайындық жұмыстарын күшейту;
5. **ТДМ-мен келісілген ШОБ-ты қаржыландыру стратегиясы және ШОБ-тың қаржылық қызметтерге қолжетімділігін кеңейту, ШОБ-ты қаржыландыру саласындағы ұлттық мүдделі тараптардың әлеуетін арттыру және Солтүстік және Орталық Азия (Армения, Қырғызстан және Өзбекстан) субаймағынан қаржылық қызметтерге қолжетімділігін кеңейту;**
6. **Балалардың әл-ауқатының индексіне интеграцияланған балаларға арналған бюджетті қалыптастыру әдістемесін** әзірлеу арқасында республикалық бюджетте балаларға арналған қаражаттың нысаналы жұмсалуды күшейтуді қамтамасыз **ететін балалардың әл-ауқатын бақылау үшін статистикалық құралдарды жетілдіру;**
7. **Көпөлшемді балалар кедейлігі индексінің әдістемесін әзірлеу және сынақтан өткізу арқылы балалардың осалдығын жоюға бағытталған шараларды іске асыру үшін мүмкіндіктерді күшейту**, статистикалық зерттеуге «Халықтың өмір сүру сапасы» енгізу арқылы көпөлшемді балалар депривациялары туралы деректерді жүйелі түрде жинау және талдау бойынша мемлекеттің мүмкіндіктерін жақсарту.


Дүниежүзілік банкпен серіктестік


2022 жылы БҰҰ мен Дүниежүзілік банк «Қазақстанды тыңдау» бірлескен зерттеу жүргізді. Қазақстандағы отбасылардың шамамен 23% өздерін кедей деп санайтынын көрсеткен нәтижеге қарамастан, респонденттердің үштен екісі елдің ұзақ мерзімді экономикалық перспективаларына қатысты оптимизмді сақтайды және олардың саңы ел реформалар жүргізудің дұрыс жолында деп есептейтінін айтты. Халықтың осал топтарын, соның ішінде кедейлерді, қарттарды, мүгедектігі бар адамдарды және балаларды мемлекеттік қолдауды қабылдауды жақсарту жағдайлары кедейлікті жеңумен ел жүріп жатқан бағытқа оптимизмді арттырумен тығыз байланысты болды. Бұл серіктестіктің нәтижелері Үкімет жүзеге асыратын реформалар бағдарламасын сәтті жүзеге асыру мен осы бағдарламаны жұртшылықтың қолдауы арасындағы оң кері байланысты көрсетеді.





3.5 БҰҰ-НЫҢ НЕҒҰРЛЫМ АУҚЫМДЫ ЖӘНЕ ТИІМДІ БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ


 Алты бірлескен бағдарлама іске асырылды

 БҰҰ-ның төрт жаңа ведомстваралық жұмыс тобы құрылды

 Әлеуметтік желілерде 17 миллионға жуық адам қамтылды

 Бірлескен ақпараттық-насихаттау қызметін жүргізу үшін бірлескен қаржыландыруды кеңейту

 СОД 2.0 арқасында 1,5 млн доллар шығындарды үнемдеу.

 БҰҰ кеңселері қолжетімділігіне аудит жүргізілді

«Іс-қимылдар бірлігі» қағидасын іске асыру үшін БҰҰ жүйесінің қайта жетілдірілуі

2022 жыл COVID-19 дағдарысынан кейінгі баяу қалпына келтірудің бірінші жылы болды. Стратегиялық жоспарлауға жәрдемдесу мақсатында БҰҰ 2022 жылы соңғы өзгерістерді жақсырақ көрсету үшін кең консультациялар негізінде Жалпы елдік талдаудың (ЖАТ) жан-жақты жаңартуларының екі кезеңін өткізді. Барлық құжатта адам құқықтары, гендерлік мәселелер, жастар мен мүгедектікке баса назар аударылады, сондай-ақ Украинадағы соғыстың салдарына, елдің 2030 жылға дейінгі күн тәртібін іске асырудағы ілгерілеуіне және балаларды қорғауға арналған қосымша тарауларды қосу арқылы бірлескен талдамалық ақпарат күшейтілді. Сонымен қатар БҰҰ ТДЫНБ бірлескен жұмыс жоспарына аналитикалық шолу жасап, нәтижелері бойынша топ төрағалары үшін шағын семинар ұйымдастырды, оның нәтижелері бойынша

Үкіметке Әлеуметтік кодекс, Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы заң, 2060 жылға дейінгі көміртекті бейтараптық стратегиясы сияқты кеңейтілген кешенді ұсынымдар берілді.

Бірлескен ақпараттық қызмет пен қолданыстағы және жаңа тақырыптық топтардағы синхрондалған техникалық ынтымақтастық ықпал еткен тақырыптық диалог үшін нығайтылған алаңдарды қайта құру арқылы үйлестіру транзакциялық шығындары одан әрі қысқартты. 2022 жылы «Іс-қимыл бірлігі» тұжырымдамасын нығайтатын төрт жаңа бірлескен жұмыс тобы мен тақырыптық диалог құрылды:

Ағымдағы жұмыс топтары:

- Гендер бойынша ішкі және сыртқы тақырыптық топтар
- Адам құқықтары жөніндегі жұмыс тобы
- АИТВ/ЖИТС бойынша біріккен жұмыс тобы
- Климаттың өзгеруі жөніндегі конференцияның жұмыс тобы (КС27)
- Жыныстық қанау мен зорлық-зомбылықты алдын алу жөніндегі жұмыс тобы (PSEA)

2022 жылы құрылған топтар:

- Заң үстемдігі мәселелері бойынша тақырыптық диалог
- Жастар мәселелері жөніндегі тақырыптық топ
- Мүгедектігі бар адамдарды интеграциялау жөніндегі жұмыс тобы
- Жеке сектор бойынша жұмыс тобы





Бірыңғай коммуникация есебінен ақпараттық қызметті күшейту

2022 жылы БҰҰ 2021-2025 жылдарға арналған Бірлескен коммуникациялық стратегияда және 2022 жылға арналған Бірлескен жыл сайынғы коммуникациялар жоспарында айқындалған бірлескен ақпаратты жақсарту және ақпараттық науқандарды жүргізу мақсатында үйлестіруді күшейтуде елеулі прогресті тіркеді. «Ортақ БҰҰ» тәсілін қабылдау нәтижесінде әлеуметтік желілерде қамту 60% артып, 17 млн адамға жетті, Instagram желісінде жазылушылар саны 52 мың адамды, Facebook-те 6 мың адамды құрады.

БҰҰ-ның коммуникация мәселелері жөніндегі тобының (БҰҰКТ) қолдауымен БҰҰ кемсітпейтін тәжірибе түрлері туралы хабардарлықты арттыру, оң әлеуметтік және гендерлік нормаларды насихаттау, сондай-ақ БҰҰ-ның дәстүрлі БАҚ пен әлеуметтік желілерде қатысуын кеңейту бойынша жұмыс жүргізді. БҰҰ жұмысында өзара үйлестіру мен бірлескен месседждерге, сондай-ақ ақпараттық қызметті жақсартуға баса назар аударылды, бұл келесі нәтиже әкелді:

- **БҰҰ-ның біріккен коммуникациялық ресурстарының мүмкіндіктерін**, оның ішінде Қазақстанның БҰҰ-ға мүшелігінің 30 жылдығын ұйымдастыру бойынша мүмкіндіктерді кеңейтуге;
- **Орталық Азиядағы тұңғыш «Қанаттылар» инклюзивті театрын қолдай отырып**, оң әлеуметтік нормалар мен кемсітушіліктің зиянды салдары туралы жұртшылықтың хабардарлығын арттыруға, оның ішінде 2022 жылғы БҰҰ күнінде мүгедектігі бар адамдарға назар аударуға;
- **Қазақстанның гендерлік теңдік саласындағы жетістіктері туралы бірлескен фотокөрмені қоса алғанда**, 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні, Еріктілер күні, Дипломатиядағы әйелдер күні, Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенділіктің 16 күні сияқты БҰҰ-ның бірлескен ұйымдастырылған күндері арқылы гендерлік теңдік, адам құқықтары, жастар және басқа да негізгі салаларда ілгерілеуге ықпал ететін бірлескен ақпараттық қызметті жақсарту және айқындау.

«Іс-қимылдар бірлігі» қағидасы бойынша тиімділікті арттыру

2022 жылы БҰҰ қайталануды жою, ұжымдық келіссөздерді нығайту және ауқымды үнемдеудің пайдасын барынша арттыру арқылы тиімділікті арттыру үшін Операциялық қызмет стратегиясын (ОҚС) іске асыруды жалғастырды. ОҚС 2.0 жыл сайынғы шолуы аясында БҰҰ Операцияларды басқару тобы (БҰҰ ОБТ) тиімділік пен экономикалық орындылықты арттыруға, процедураларды жеңілдетуге және үйлестіруге, күрделілігі төмен жоғары тиімді іс-шаралар және жалпы ұйымдастырушылық мақсаттарға қол жеткізу үшін операциялық рәсімдер шеңберінен шығуға басымдық берді. ОҚС шолуы 2019-2021 жылдардағы шығындарды қысқарту арқылы 1,5 млн доллар үнемдеуді растады және 2024 жылға дейін шығындардың жалпы қысқаруын шамамен 3,2 млн долларға бағалады.

Мүгедектігі бар адамдарға арналған БҰҰ кеңселерінің қолжетімділігін арттыру үшін БҰҰ ОБТ қызметкерлерді инклюзивті жұмыс ортасын құруға оқытуға, сондай-ақ БҰҰ-ның екі ортақ кеңсесінің физикалық және АКТ қолжетімділігін бағалау және жақсарту үшін жергілікті компанияны тартуға 20 мың доллар бөлді. Инклюзивті критерийлер сатып алу практикасы мен басшылық қағидаттарында одан әрі дамыды. Күзет пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында БҰҰ әйел қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері әйелдер қауіпсіздігі мәселелері бойынша оқитудан өтті. Оған қоса 2022 жылы Астанада кеңсеге Кеңсе комитетін құру, БҰҰ үйінің барлық қабаттарында қайта өңделетін қалдықтарды жинауға арналған жәшіктер орнату, сондай-ақ ауа сапасының мониторларын орнату есебінен БҰҰ кеңселерінде экологиялық қауіпсіз тәжірибелерді ілгерілету бойынша күш-жігер салу жалғастырылды.

3.6 Қаржылық шолу және ресурстарды жұмылдыру

Қаржылық шолу

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының түпкі нәтижелері бойынша 2022 жылы қажетті және қолжетімді ресурстар мен шығыстардың жалпы сомасы

| Түпкі нәтиже | Қажетті ресурстар | Қолда бар ресурстар | Шығыстар |
|------------------|-------------------|---------------------|-------------|
| Түпкі нәтиже 1.1 | 27.5% | 25.3% | 22.6% |
| Түпкі нәтиже 1.2 | 11.2 % | 8.1% | 7.6% |
| Түпкі нәтиже 2.1 | 10.5% | 12.4% | 15.7% |
| Түпкі нәтиже 2.2 | 22.4% | 25.5% | 30.4% |
| Түпкі нәтиже 3.1 | 14.2% | 13.1% | 14.2% |
| Түпкі нәтиже 3.2 | 14.2% | 15.6% | 9.5% |
| Жалпы | 100% | 100% | 100% |

Ескертпе: 2022 жылы UN INFO-да бар мәліметтер негізінде

БҰҰ агенттіктері бойынша үйлестірілген 2022 жылғы бюджет (\$)

| Мекеме | Қажетті ресурстар | Қолда бар ресурстар | Шығыстар |
|----------------|-------------------|---------------------|-------------------|
| ФАО | 5,063,595 | 5,063,595 | 4,363,595 |
| ХКҰ | 343,348 | 343,348 | 343,348 |
| ХКҰ | 2,400,000 | 2,409,187 | 2,409,187 |
| АҚЖКБ | 38,165 | 38,165 | 38,165 |
| ЮНЭЙДС | 376,500 | 288,000 | 288,000 |
| БҰҰДБ | 18,582,480 | 18,582,480 | 12,758,225 |
| БҰҰ ЕЭК | 300,000 | 300,000 | 300,000 |
| ЮНЕП | 384,000 | 384,000 | 384,000 |
| ЮНЕСКО | 1,312,786 | 584,918 | 584,918 |
| ЮНФПА | 1,700,000 | 1,430,225 | 1,430,225 |
| БҰҰ БЖКБ | 1,405,195 | 1,181,194 | 1,181,194 |
| ЮНИСЕФ | 3,330,000 | 3,457,773 | 3,457,773 |
| ЮНИДО | 25,000 | 25,000 | 25,000 |
| БҰҰ ЕҚБ | 3,189,680 | 3,189,680 | 3,053,508 |
| БҰҰ-әйелдер | 2,816,920 | 2,816,920 | 2,642,601 |
| ДДСҰ | 5,614,804 | 5,614,804 | 5,614,804 |
| Барлығы | 46,882,473 | 45,709,289 | 38,874,543 |

Ескертпе: БҰҰ агенттіктерінің 2022 жылғы қаңтардағы деректері негізінде



Ресурстарды жұмылдыру

2022 жылы БҰҰ өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті 45,7 млн. доллар немесе 46,9 млн. доллардың 97,5 % мөлшерінде қаржы ресурстарын қамтамасыз етті. Жалпы шығыстар шамамен 38,9 млн. долларды құрады, оның 19 % негізгі қаржыландыруға, ал 81 % негізгі емес (тартылған) қаржыландыруға тиесілі. Негізгі емес қаржыландырудың басым бөлігін Қазақстан Үкіметі (24 %), ЕО (19 %) және АҚШ (13 %) қамтамасыз етті.

Үкімет БҰҰ-ның қызметіне ең үлкен қаржылық үлес қосатын тарап болып қала берсе де, елдің мәртебесі сияқты факторлардың орташадан жоғары кірістер деңгейімен үйлесуі, негізгі құралдардың қысқаруы және бөлінетін қаражат мөлшеріндегі ауытқулар инновациялар мен ресурстар портфелін әртараптандыру қажеттілігінің артуына әкелді. БҰҰ да, Үкімет те ТДМ және Ынтымақтастық бағдарламасында бекітілген 2030 жылға дейінгі күн тәртібінің басымдықтарын қоса алғанда, ағымдағы стратегиялық бағдарламаларды іске асыру үшін ресурстар көздері мен серіктестерді, әсіресе жеке сектордан әртараптандыруға баса назар аударады.


2022 жылы БҰҰ Ресурстарды жұмылдыру мен серіктестіктің бірлескен стратегиясын қабылдау арқылы біртұтас әрекет ету үшін оның агенттіктері арасындағы ынтымақтастықты

кеңейтті. Бұл болжамды нығайтады және алға қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін инновациялық серіктестік орнатады:

- Сұрауларға, сатып алуға, пайдалануға, басқаруға, есептілікке, мониторингке және бағалауға жүйелі, болжамды және үйлестірілген тәсіл, сондай-ақ
- Қазақстанда ТДМ-ға қол жеткізуді қолдау үшін БҰҰ бағдарламаларын іске асыру үшін ресурстардың орнықты болуын қамтамасыз ету мақсатында ресурстық базаны кеңейту.

Жаһандық деңгейде даму жағдайларына және елдік контексттің ерекшеліктеріне бейімделу мақсатында БҰҰ қолданыстағы және жаңа әріптестіктерді анықтау, тиімділікті арттыру және қаржылық және саяси қолдаудың жаңа көздерін іздеу бойынша жұмысты жалғастырды, соның ішінде:

- Қазақстан Үкіметімен бірлескен қаржыландыру және әріптестік
- Қазақстандағы дәстүрлі (екіжақты және көпжақты) донорлар
- Халықаралық қаржы ұйымдары әлеуетін тарту
- Жеке сектор — ынтымақтастық пен серіктестік үшін әлеуетті арттыру
- Дәстүрлі емес серіктестер — ақпарат, ынталандыру, құралдар



2022 жылы Қазақстандағы БҰҰ жүйесін қаржыландыру көздері бойынша салымдар



ТАРАУ 4. 2023 ЖЫЛ БОЙЫНША БҰҰ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН БАСЫМДЫҚТАРЫ



2023 жыл БҰҰ қызметінің ағымдағы циклінің жалғасы болады, онда БҰҰ «Қазақстан 2050» стратегиясын іске асыруда көпжоспарлы қолдау көрсетуді жалғастырады. 2022 жылдағыдай, БҰҰ өз бағдарламаларын 2022 жылдың басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған басымдықтармен, соның ішінде инклюзивті мемлекеттік басқаруды нығайтуды, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын, экономиканы әртараптандыруды, қызмет көрсетуді жақсартуды және т.б. байланыстыруды және үйлестіруді жалғастырады. БҰҰ 2023 жылғы қыркүйекте ТДМ Саммитіне дайындықты және қатысуды қоса алғанда, саясат арқылы ТДМ-ға қол жеткізуді оңтайландыру жөніндегі Қазақстанның күш-жігерін қолдайды.

2022 жыл экономиканы әртараптандырудың жеткіліксіздігімен, өндіруші салаларға шамадан тыс тәуелділікпен және сыртқы күйзелістерге осалдықпен байланысты тұрақты тәуекелдерді анықтады. Украинадағы соғыс және әлемдік энергетикалық нарықтардағы тектоникалық өзгерістер Қазақстанды өнеркәсіптік өндірісті сақтау, арттыру және климаттың өзгеруі мен қоршаған ортаның ластануының салдарын азайту арасындағы жаңа тепе-теңдікті іздеуге мәжбүр етеді. 2023 жылы БҰҰ Үкіметті 2060 жылға дейінгі көміртекті бейтараптық тұжырымдамасын жүзеге асыруды, шағын және орта бизнесті, кәсіпкерлікті, цифрлық және «жасыл» инновацияларды нығайту арқылы экономиканы әртараптандыруды және өнеркәсіпті декарбонизациялауды, сондай-ақ артта қалған және кедейлік пен маргиналдануға бейім адамдардың мүмкіндіктерін, дағдыларын, құзыреттері мен мүмкіндіктерін кеңейтуге одан әрі қатысуды қолдау арқылы осы тәуекелдерді жоюда қолдайды. Сонымен қатар БҰҰ КС процесіне қатысуға жәрдемдесуді жалғастырады, сондай-ақ адамдар мен планета үшін жасыл шешімдердің практикалық артықшылықтарын көрсету үшін пилоттық бастамаларды жүзеге асырады.

Адам құқықтары мен гендерлік теңдік БҰҰ Бас хатшысының Адам құқықтары саласындағы іс-әрекетке шақыруына және БҰҰ стратегияларын жүйелі түрде іске асыруға сәйкес БҰҰ қызметі үшін басымдық ретінде сақталады. Біз Үкіметке

заңнаманың, ережелердің, сондай-ақ оларды халықаралық заңнамаға және адам құқықтары саласындағы практикаға сәйкестігін қамтамасыз етуде көмектесуді жалғастыратын боламыз. БҰҰ тиісті мемлекеттік органдар мен ұлттық құқық қорғау мекемесінің институционалдық әлеуетін арттыруды жалғастырады, сондай-ақ елдің шарттық органдар және/немесе әлеуетті құқық қорғау тетіктері бойынша міндеттемелерді орындауын қолдайтын болады. Сонымен бірге гендерлік теңсіздікті жою ісінде табанды бола отырып, БҰҰ әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, әйелдердің саяси өкілдігін нығайту, гендерлік зорлық-зомбылықты алдын алу және оған жауап беруді жалғастырады. Жастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында БҰҰ жастарды өзгерістер жолсерігі ретінде — ел дамуының ең маңызды ресурсы, оның ішінде Білім беруді трансформациялау жөніндегі саммиттің міндеттемелері шеңберінде тартуды жалғастырады. Ақырында, БҰҰ босқындарды жоспарлары мен басымдықтарына қосу бойынша 2.0 жалпы міндеттемесі бойынша өз міндеттемелерін орындау бойынша жұмысты жалғастырады.

БҰҰ-ның табысы орташадан жоғары ел ретінде Қазақстанды қолдауы саясат мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсетуге бағытталатын болады. БҰҰ жүйесінің конфигурациясы әртүрлі резидент және резидент емес ұйымдар, агенттіктер, қорлар мен бағдарламалар, соның ішінде аймақтық комиссиялар ұсынған міндеттерге сәйкес келеді. Бұл бізге ұлттық және халықаралық сараптамалық білімнің кең ауқымына сүйенуге мүмкіндік береді. 2023 жылы Қазақстандағы резидент емес ұйымдардың қызметін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Біз Қазақстанда ресурстарды жұмылдыру сыртқы донорлардан қаржыландыруды тарту ғана емес, сонымен қатар тәжірибе жинақтау және стратегиялық бағыттарда әріптестік қатынастарды пайдалану болып табылады деп санаймыз. Білім мен тәжірибе БҰҰ-ны экономикалық және әлеуметтік өмірдің әртүрлі секторларындағы маңызды басқару реформаларын қолдау тұрғысынан ерекше етеді.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАР ТІЗІМІ

| | |
|-------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|
| COVID-19 | Коронавирустық инфекция |
| DAFI | Альберт Эйнштейннің босқындар жөніндегі Неміс академиялық бастамасы |
| ERI | Экономикалық зерттеулер институты |
| ESG | Экология, әлеуметтік саясат және корпоративтік басқару |
| EU CBAM | Еуропалық шекаралық көміртекті түзету механизмі |
| IPC | Инфекцияның алдын алу |
| ITC | Халықаралық сауда орталығы |
| LNOB | «Ешкімді артта қалдырмау» принципі |
| PAGE | Жасыл экономика мүддесіндегі іс-әрекеттер үшін серіктестік |
| PSEA | Жыныстық қанау мен қорлаудың алдын алу |
| STEM | Жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерия және математика |
| АДИ | Адам дамуының индексі |
| АИТВ | Адамның иммун тапшылығы вирусы |
| АКТ | Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар |
| АҚАБ | Біріккен Ұлттар Ұйымының апат қаупін азайту басқармасы |
| АҚЖКБ | Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссардың кеңсесі |
| АҚҰ | Азаматтық қоғам ұйымдары |
| АТ | Ақпараттық технологиялар |
| АТМЭЭК | Азия мен Тынық мұхитына арналған экономикалық және әлеуметтік комиссия |
| БҰҰ БЖКБ | Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары |
| БҰҰ ЕК | Біріккен Ұлттар Ұйымының Елдік командасы |
| БҰҰ ЕҚБ | Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс басқармасы |
| БҰҰ ЕЭК | Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы |
| БҰҰАЖМ | БҰҰ-ның Ауғанстанға жәрдемдесу миссиясы |
| БҰҰДБ | Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы |
| БҰҰЕ | Біріккен Ұлттар Ұйымының Еріктілері |
| БҰҰ-әйелдер | Біріккен Ұлттар Ұйымының гендерлік теңдік және әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі ұйымы |
| БҰҰКТ | БҰҰ коммуникациялар жөніндегі тобы |
| БҰҰ-Хабитат | Біріккен Ұлттар Ұйымының елді мекендер бойынша бағдарламасы |
| ГЗ | Гендерлік зорлық-зомбылық |

| | |
|--------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ГТӘМК | Гендерлік теңдік және әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту |
| ДАМУ | «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры |
| ДДСҰ | Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы |
| ЕҚЫҰ | Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы |
| ЕО | Еуропалық Одақ |
| ЕҰШ | Ерікті ұлттық шолу |
| ЖГЗ | Жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылық |
| ЖЕТ | Біріккен Ұлттар Ұйымының жалпы елдік талдауы |
| ЖІӨ | Жалпы ішкі өнім |
| ЖҚД | БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаменті |
| КС27 | Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздеделік конвенциясы тараптарының 27-ші конференциясы |
| КСҚ | Көпжақты сенім қоры |
| МШОБ | Микро, шағын және орта бизнес |
| ОААДӨО | Орталық Азия үшін БҰҰ-ның алдын алу дипломатиясы жөніндегі өңірлік орталығы |
| ОБТ | БҰҰ Операцияларын басқару тобы |
| ТДМ | Тұрақты даму мақсаттары |
| ТДЫНБ | Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму бойынша ынтымақтастық жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған негіздеделік бағдарламасы |
| ҮЕҮ | Үкіметтік емес ұйым |
| ҰДАС | Ұлттық деңгейде айқындалатын салымдар |
| ФАО | БҰҰ Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы |
| ХЕҮ | Халықаралық еңбек ұйымы |
| ХҚҰ | Халықаралық көші-қон ұйымы |
| ХҚИ | Халықаралық қаржы институттары |
| ХЭО | Халықаралық электрбайланыс одағы |
| ШОБ | Шағын және орта бизнес |
| ЮНЕП | БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы |
| ЮНЕСКО | Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы |
| ЮНИДО | Біріккен Ұлттар Ұйымының өнеркәсіптік даму ұйымы |
| ЮНИСЕФ | Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры |
| ЮНКТАД | Біріккен Ұлттар Ұйымының сауда және даму жөніндегі конференциясы |
| ЮНОПС | Біріккен Ұлттар Ұйымының жобаларға қызмет көрсету басқармасы |
| ЮНФПА | БҰҰ Халық қоры |
| ЮНЭЙДС | Біріккен Ұлттар Ұйымының АИТВ/ЖИТС бойынша біріккен бағдарламасы |



СІЛТЕМЕЛЕР

- 1 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы — «Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер». 2023 жылғы 16 наурыздағы жағдай бойынша <https://stat.gov.kz/>
- 2 Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ). «Ел бойынша нақты деректер». Адам әлеуетін дамыту туралы баяндамалар. 2023 жылғы 16 наурыздағы жағдай бойынша <https://hdr.undp.org/data-center/specific-country-data>
- 3 Нуршаихова Жібек. «Қазақстанның стратегиялық ресурсы — жастар». Strategy2050.Kz. 2023 жылғы 16 наурыздағы жағдай бойынша <https://strategy2050.kz/ru/news/strategicheskiy-resurs-kazakhstan-molodezh/>
- 4 Дүниежүзілік банк, Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры (ЮНИСЕФ). «Слушая Казахстан», тамыз 2022 ж. <https://www.worldbank.org/en/country/kazakhstan/brief/12kaz>
- 5 Дүниежүзілік экономикалық форум. «Жаһандық гендерлік алшақтық туралы есеп, 2022». 91–93 route de la Capite CH-1223 Cologny/Женева, Швейцария: Дүниежүзілік экономикалық форум, шілде 2022 ж. https://www3.weforum.org/docs/WEF_GGGR_2022.pdf
- 6 Дүниежүзілік экономикалық форум. «Жаһандық гендерлік алшақтық туралы есеп, 2021 жыл». 91–93 route de la Capite CH-1223 Cologny/Женева, Швейцария: Дүниежүзілік экономикалық форум, наурыз 2021 ж. https://www3.weforum.org/docs/WEF_GGGR_2021.pdf
- 7 Осипова Ирина. «Қазақстанда жалақыдағы гендерлік алшақтық қысқарды». Курсив Медиа Қазақстан, қараша 2022 ж. <https://kz.kursiv.media/2022-11-08/v-kazhstane-sokratilsya-gendernyj-razryv-v-zarplatah/>
- 8 Достастық Хатшылығы. «Жастарды дамытудың жаңа жаһандық индексі жастардың жағдайының жақсарғанын көрсетеді». Достастық хатшылығы Marlborough House Pall Mall London SW1Y 5HX United Kingdom: The Commonwealth, 2020. <https://youth-development-index.thecommonwealth.org/assets/pdf/global-youth-development-report-2020.pdf>
- 9 Kapital.kz. «Қазақстанда барлық жұмыссыздардың 17%-ы жастар». Іскерлік портал Kapital.kz, қаңтар 2021, «Мемлекет» бөлімі. <https://kapital.kz/gosudarstvo/93791/v-kazakhstan-17-vsekh-bezrobotnykh-molodezh.html>
- 10 Біріккен Ұлттар Ұйымының АИТВ/ЖИТС бойынша біріккен бағдарламасы (ЮНЭЙДС). «Ел профилі: Қазақстан», 2021 ж. <https://www.unaids.org/en/regionscountries/countries/kazakhstan>
- 11 Ағымдағы бағамен ЖІӨ 101,5 трлн. теңгені құрады. Доллардың орташа бағамы — 460,48 теңге Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы — «Негізгі көрсеткіштер», 2023 жылғы 20 наурыздағы жағдай бойынша, <https://stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/7>; Қазақстан Ұлттық банкі, 2023 жылғы 20 наурыздағы жағдай бойынша «Шетел валюталарының ресми бағамдары кезең ішінде орта есеппен | Қазақстан Ұлттық Банкі», <https://nationalbank.kz/en/news/oficialnye-kursy>
- 12 Дүниежүзілік банк. «Қазақстан — Елдің климаты мен дамуы туралы баяндама», қараша 2022 ж.
- 13 Дүниежүзілік банк. «Климаттық тәуекелдердің елдік бейіні: Қазақстан (2021 ж.)». 1818 H Street NW, Washington, DC 20433, 2021. https://climateknowledgeportal.worldbank.org/sites/default/files/2021-06/15834-WB_Kazakhstan%20Country%20Profile-WEB.pdf
- 14 Бағалауды жақсарту үшін 17 ТДМ жіктеу үшін бес «Р» қолданылады: Адамдар (People), Планета (Planet), Өркендеу (Prosperity), Бейбітшілік (Peace) және Серіктестік (Partnership).
- 15 ДГҚ, ФАО, ХҚҰ, ХСО, АҚЖКБ, ЮНЭЙДС, ЮНКТАД, АҚАБ, БҰҰДБ, ЕЭК, ЮНЕП, ЭСКАТО, ЮНЕСКО, ЮНФПА, БҰҰ-Хабитат, БЖКБ, ЮНИСЕФ, ЮНИДО, ЕҚБ, БҰҰЕ, «БҰҰ-Әйелдер» және ДДСҰ. 2021 жылы БҰҰ-ның тағы үш құрылымы — ЮНОПС, ХЭО және ХЕҰ негіздемілік бағдарламаға қосылды.
- 16 Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ). «Қоғамның тұрақты дамуы мен әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін цифрландыру | БҰҰ Даму бағдарламасы», ақпан 2023 ж. <https://www.undp.org/kazakhstan/stories/digitalisation-sustainable-development-and-social-well-being-society>.
- 17 Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ). «БҰҰ-ның электрондық үкімет бойынша білім базасы», 2022 ж. <https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/Data/Country-Information/id/87-Kazakhstan>.
- 18 Kapital.kz. «Қазақстанда барлық жұмыссыздардың 17%-ы жастар». Іскерлік портал Kapital.kz, қаңтар 2021, «Мемлекет» бөлімі. <https://kapital.kz/gosudarstvo/93791/v-kazakhstan-17-vsekh-bezrobotnykh-molodezh.html>.
- 19 Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ). «2020 жылғы гендерлік әлеуметтік нормалар индексі. Әлеуметтік нормаларды еңсеру: гендерлік теңсіздікке қарсы күрестегі бетбұрыс», наурыз 2020 ж. <https://hdr.undp.org/gender-social-norms-index>.
- 20 Tengrinews.kz. «Тоқаев Қазақстанда интернетпен қамту бойынша сандармен айналысуға шақырды». Басты жаңалықтар Қазақстан — Tengrinews.kz, қыркүйек 2022 https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-prizval-razobratsya-tiframi-ohvatu-internetom-478960/.
- 21 Халықаралық электрбайланыс одағы (ХЭО). «Қазақстан: цифрлық деректер, тұрақтылық, цифрлық даму саясатын бағалау», 2022 ж. <https://www.itu.int/en/ITU-D/Regional-Presence/CIS/Documents/Documents/C2R%20Assessment%20Report%20Kazakhstan.pdf>.
- 22 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедек адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы — «Әділет» АҚЖ (2022), <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2200000129>.

ФОТОСУПЕТТЕР

© Осман Әлі; © UN Kazakhstan;
 © UNICEF; © UNDP; © UN Women; © WHO; © UNHCR;
 © FAO; © UNFPA; © UNV; © Akorda Press.





**UNITED
NATIONS
KAZAKHSTAN**

Қазақстан Республикасындағы
БҰҰ Тұрақты үйлестірушісі кеңсесі
Мекенжайы: Ә. Мәмбетов к-сі 14,
Z11D8T7, Астана қ., Қазақстан
Телефон: +7 (7172) 696550
Email: rcs-kz@un.org

 kazakhstan.un.org

 [@uninkazakhstan](https://twitter.com/uninkazakhstan)

 [@uninkazakhstan](https://www.facebook.com/uninkazakhstan)

 [@uninkazakhstan](https://www.instagram.com/uninkazakhstan)

